Mentor
әдістемелік орталығы

“MENTOR”
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

«Үздік қалам»



республикалық ғылыми-танымдық
әдістемелік журналы

№6(3)
2024

Ақтөбе қаласы

МАЗМҰНЫ/CONTENT/СОДЕРЖАНИЕ

Адылова Кулшат Сагингалиевна....4
Айткужина Раушан Булатовна....6
Аманқосқызы Әйгерім....7
Амирова Гульжан Аликуловна....9
Багиева Гульзат Амангельдиновна....11
Баймагамбетова Динара Еркімбайқызы....13
Бисембиева Лаззат Кураховна....15
Булекбаева Кундей Имамадиновна....18
Серік Ақмаржан Русланқызы....20
Галимжанова Макпал Темирбулатовна....20
Джайлханова Эсем Абзаловна....22
Ермекбаев Еркебулан Жарылкасымович....23
Ермекбаева Әсем Қайратқызы....25
Жалашев Нурдаулет Коптлеуович....28
Жубаниязова Маруа Муратовна....31
Жумагалиева А.И., Жимбаева Б.К....33
Иламанов Аманкос Истурганович....40
Иламанова Мулдир Абдисахиповна....43
Иманалина Нургул Кубаевна....46
Казиева Гульнара Елемановна....49
Капетова Асемгуль Кеикбаевна....51
Жайымова Л.Н., Картбаева А.С....53
Конирова Салима Калабаевна....56
Корецкая Светлана Николаевна....58
Кусманова Куаныш Мерекеевна....61
Құрман Бибіжамал Жеңісқызы....68
Мизанбаева Балзира Ерғалиқызы....70
Мирамбекова Айгуль Аймухановна....72
Ожерельев Олег Евгеньевич....75
Омарова Айнара Сәндібекқызы....79
Сайлаубаева Жансая Датанбекқызы....81
Сандибаева Жаннат Калидоллаевна....85
Сегізбаева Таңшолпан Әділқызы....90
Сейлова Алмагуль Жубанышовна....93
Сеитова Малика Жанболатовна....95
Турлыбекова Зару Калдыгуловна....98
Утегенова Гаухар Урынбасаровна....101
Утемисова Жадра Абдигалимовна....104
Кабулова Айсулу Айтжановна....107
Кенжегарина Куляш Саламатовна....110
Тюбетова Рита Елбосыновна....113
Батырбай Салтанат Кадиржановна....116
Бухарбаева Кундызай Телагисовна....120

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ ЕРЕЖЕСІ

Мақсаты: Педагогтердің ғылыми-танымдық әлеуетін дамыту.

Басылымы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою туралы № KZ49VPY00083149 куәлігі 2023 жылы 04 желтоқсанында берілген, құжатқа сәйкес 2024 жылдан бастап шығарылады.

Кезеңдік басылым: 1 жылда 24 рет, қазақ, орыс және ағылшын тілінде жарық көреді.

Журналда Қазақстан Республикасының арнайы және жоғары оқу орындары, мектепке дейінгі ұйым, ЖББОМ педагогтерінің шетелдік ғалымдар, ғылыми-зерттеу мекемелерінің ғалымдары орындайтын (орындаған) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің, эксперименттік әзірлемелердің нәтижелері, сондай-ақ ғылыми-ақпараттық материалдар және т.б. жарияланады.

ЖАУАПТЫЛАР:

Бас редактор:
Нурбергенова Сауле Турмагамбетовна
Бас редактордың орынбасары:
Жайтапова Алтынай Альбековна, п.ғ.д., профессор
Редакция алқасы:
Тихомирова Валентина Тихоновнап.ғ.к., доцент
Сулекенова Гульжан Утесиновна
Рысбеова Айнур Маратовна
Озган Мехмет
Дауметова Салтанат Турмаганбетовна
Дизайн:
Муханбедин Аружан Айбарқызы

Меншік иесі: «Mentor» әдістемелік орталығы
(Ақтөбе қаласы)
Редакцияның мекен-жайы:
Индексі-030000
Ақтөбе қаласы, А.Молдагулова даңғылы 66/2

Авторлар қолжазбасы, суреттер өңделмейді және кері қайтарылмайды.
Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді.
Журналда жарияланған материалдары көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, сілтеме жасалуы міндетті.
Журналға жинақтарыңызды kalam2025@mail.ru. почта арқылы жіберулеріңізге болады.

Адылова Кулшат Сагингалиевна

АНТОНИМ, СИНОНИМ, ОМОНИМ ТУРАЛЫ НЕ БІЛДІМ?

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Сарысай орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Оқу мақсаттары	2.2.4.1. Синоним, антоним, омоним сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану	
Бағалау критерийлері	Синоним, антоним, омоним сөздерді біледі және олардың мағынасын түсіндіреді, оны сөйлеу барысында қолданады	
ЖОСПАР		
Жоспарланған уақыттар		**Ресурстар**
Басы: 5 мин *12 мин*	**Сәлемдесу** Сынып оқушыларына жағымды ахуал туғызу Оқушылар шеңберге тұрады, **«Бриллиант»** әдісі арқылы бір-біріне жылы сөздер айтады. Топқа бөлу «Асықтар» әдісі арқылы /түстеріне қарай, топтарға бөлінеді/ Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстыру. **Графикалық диктант:** 1 18 25 20 18 12 17 24 12 18 20 18 12 17 20 17 20 18 12 17 **Көркем жазу:** Д д Доп дала **«Тұлпарың сүрінбесін!» ойыны** /қайталау сұрақтары/ Антоним дегеніміз не? Синоним дегеніміз не? Омоним дегеніміз не? Антонимге мысал айт? Синонимге мысал айт? Омонимге мысал айт? Сөз мағынасының түрлері? **Тапсырма** **«Сөмкелерді толтыру» әдісі** жазылған сөздерді оқып, антоним, синоним, омонимдерді ажыратады /топтық жұмыс/	Сандар, асықтар, кеспе қағаздар А3, тұлпарлар, қазандық, серкелер Кеспе қағаздар
Бағалау критерийлері	**Дескрипторлар:** Жазылған сөздерді оқиды-1б	

	Антоним, омоним, синонимдерді ажыратады-1б	
Ортасы 10 мин	**Тапсырма /23-жаттығу/** **Ұ.** Өленді түсініп оқу, мазмұнымен танысу. ***<u>Өленнен асты сызылған сөзді оқып, омоним айту</u>*.** **Қақпа**-футбол ойынында доп кіргізетін объект. **Қақпа**-адам, көлік енетіндей етіп жасалған үлкен есік /дарбаза/ /2 оқушы футболшылар туралы мәлімет оқып береді/ **«Балмұздақ»** әдісі арқылы антоним сөздерді тауып, оқиды.	Өленмен жұмыс, ой толғау
Бағалау критерийлері	**Дескрипторлар** Өленнің тақырыбы бойынша мазмұнын болжайды-1б Футболшылар туралы біліп келеді. Антоним сөздерді тауып, оқиды-1б	
3 мин 5 мин	**Сергіту сәті:** Ширату жаттығуы (2 мин) Ұзын мұртты құмырсқа Келе жатыр жұмысқа Алды допты қолына Қойды допты жолына Оңға, солға қарады Үлкен тау деп ойлады. **<u>Өздік жұмыс:</u>** **Сөйлемнен синоним сөздерді тауып, жұптап жаз:** Бұл – таскөмір беретіндей жылу, қызу бөле алатын бағалы, құнды отын. /жылу-қызу, бағалы-құнды/	Интербелсенді тақта нейрожаттығулар кеспе қағаздар
Бағалау критерийлері	**Дескрипторлар:** Жақша ішіндегі сөздердің тиістісін қойып, сөйлемді көшіріп жазады-1б Сөйлемнен синонимдерді табады-1б	
Соңы 5 мин	**Тапсырма /тест сұрақтары/**	Интерактивті тақта
Рефлексия **5 мин**	**«Ақылды үкі»** 1.Маған бәрі түсінікті 2.Маған әліде түсініксіз 3.Мен ештеңе түсінбедім **Үй жұмысы:** футболшылар туралы мәлімет жинақтау.	Кері байланыс тақтасы оқулық
Тест сұрақтарына жауап береді	Тақырыпқа қатысты сөздер таратылып беріледі	

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ПРОФЕССИЯ УЧИТЕЛЬ МОЕ ПРИЗВАНИЕ



Айткужина Раушан Булатовна

г. Актобе
СШГ №11.

«Плохой учитель излагает.
Хороший учитель учит.
Выдающийся - показывает.
Великий – вдохновляет».
Винсент Ван Гог.

Я учитель изобразительного искусства знаю, что общение с искусством в школе необходимо для нравственного очищения и духовного обогащения детей. Будучи студенткой инженерно технического факультета по специальности учитель изобразительного искусства Университета им. Жубанова, я ни на секунду не сомневалась, что пойду работать по профессии. Считаю это своим призванием!

20 лет работы в школе – это время постоянного поиска и творческих идей, работа удивительная по насыщенности, интенсивности, по обилию радостных эмоций, сомнений, тревог и волнений, которые делают мой труд результативным, интересным, удовлетворяющим запросы моих учеников и современного общества.

В современном обществе востребованы нравственные, предприимчивые люди, обладающие динамизмом, мобильностью, самостоятельностью в принятии решений. В связи с этим развитие творческих способностей школьников становится очень актуальной. Формирование творческой индивидуальности является важным условием полноценного развития личности. Человек, обладающий постоянным и осознанным интересом к творчеству, более успешно адаптируется к меняющимся условиям жизни, способен к самореализации и самовыражению. Практика доказывает, что творческие способности развиваются в деятельности, требующей проявления творчества. Творчество школьника выражается в открытии, создании субъективно нового, без опоры на образец.


Сквозная идея программы – связь искусства и жизни. Каждый год является новой ступенькой в познании этих связей, каждая четверть последовательно развивает и конкретизирует тему года, а каждый урок – тему четверти. В начале каждого раздела я провожу так называемый вводный урок. Моя задача вовлечь детей в атмосферу раздела. Дать им возможность прочувствовать, поразмышлять на данную тему. Вводные уроки, где заявляется и мотивируется тема блока, происходит эмоциональный настрой с помощью зрительного ряда, музыки, стихотворений, показа слайдов, видео- мультимедиа, выставка подлинников и фотографий. Далее идёт обсуждение возможных вариантов раскрытия этой темы, выполняются эскизы, наброски.

Следующий цикл уроков идёт по методу поэтапных открытий, т.е. чёткое вычленение тем каждого урока, что обеспечивает постепенность, медленность втягивания учеников в осознание темы, в раскрытие через переживание её основных граней.

Завершающий этап. Необходимо при завершении работы видеть итог труда. Один из возможных вариантов – коллективная работа. Выполняется общий фон, компонуются и наклеиваются вырезанные изображения, выполненные на предыдущих уроках. Можно устроить выставку коллективных работ разных классов.

Часто на уроках возникают проблемы из-за того, что у детей что-то не получается.

Не секрет, что каждый ученик сталкивается в школе с неуспехом, а ощущать себя неуспешным — очень тяжело. Вернее так: существует очень большой разрыв между теми, кто умеет рисовать, и теми, у кого ничего не выходит. Такие дети уверены, что научиться рисовать просто невозможно. Для них приходится «разбирать рисунок» на простые геометрические фигуры. После этого возникает обычно такая реакция ребят: «И я так смогу!»



Аманқосқызы Әйгерім

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Құйлыс ЖББОМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазіргі кезде мектептерде жиі қолданылып отырған жаңа технологиялардың бірі – оқушылардың жазу мен оқуда сын тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Осындай әдістеме негізінде жасөспірімдерге қазақ тілі мен әдебиетінен терең де тиянақты білім беруді өз тәжірибемде жиі қолданып келемін.

Сын тұрғысынан ойлау әдісі арқылы оқушылардың өз бетімен ізденіп, өзін-өзі реттей отырып диалогтік қарым-қатынас арқылы білімдерін арттырып, сандық технологияларды пайдалана білетін белсенді, білімді, саналы азаматтарды тәрбиелеу керек екендігін түсіндім.

Жаңа ғасырдағы Қазақстан елінің үміт артар келешегі бүгінгі ұрпақ десек, оларды жан-жақты уақыт талабына сай білімді, мәдениетті, интеллектуалды азамат етіп шығару ұстаздар алдындағы зор міндет. Оқушының өзін қоршаған дүниеге, әлемге көзқарасы оның сол дүниеге деген қатынасы ретінде интеллектуалдық, эмоционалдық ерікті, нақты тәжірибелік әдістері қалыптасады. Бұл қалыптасу көп деңгейлі және әр түрлі әдіс-тәсіл, түрлі технологияларды сабақтарда қолдану арқылы жүзеге асады. Ол деңгейлер оқушының дүниені тану мен қабылдау ерекшелігімен де байланысты.

Сыни ойлау – ашық қоғам негізі. Сыни ойлау деген әр жеке тұлғаның кез-келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізе алуы. Сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік, жеке ойлау болып табылады. Ол өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Нағыз сабақ – ол әрқашан диалог, іздене, дайындала, үйрене, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжірибенің бірлігі. Сын тұрғысынан ойлау үш бөліктен тұрады:

Біріншіден, сын тұрғысынан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады. Ал сабақ сыни тұрғыдан ойлау принциптеріне негізделетін болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін және бағалауларын басқалардан тәуелсіз құратын болады. Біз үшін басқа біреу сыни ойлай алмайды, біз барлығын өзіміз үшін жасаймыз. Сонымен қатар ойлау өзіндік сипатқа ие болғанда ғана сыни тұрғыдан ойлағандық болып есептеледі. Өз бетінше ойланып, мәселені шешу үшін бостандық керек.

Сыни тұрғыдан ойлауда идеяның ерекше болуы міндетті емес: басқаның пікірімен міндетті түрде келісу емес, керсінше келіспеуіміз де мүмкін. Бұл біздің құқымызды дәлелдейді. Сыни тұрғыдан ойлайтын оқушының ой бостандығы кең болғандықтан өзгенің пікіріне жиі келісе бермейді. Бұл тұлғаның қоғамдағы пікірін, орнын анықтайды.

Екіншіден, сын тұрғысынан оқыту жаттанды қағидаларды дәлелдеп айта беру емес, оқушы оқып, оны еске сақтап айту қабілеті жоқ, керсінше терең ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастыруы мүмкін, тың идеялар ойлап табуы мүмкін.

Үшіншіден, сын тұрғысынан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Жалпы адамзат баласы тумысынан білуге құмар болып келеді. Өзінің жеке қызығушылықтарымен қажеттіліктеріне жауап беруге талпынады.

Сыни тұрғыдан ойлау ең маңыздысы болғандықтан, ойлай отырып мәселелерді талқылайды. Оқушыларға шығармашылық бағыт-бағдар бере отырып, үздіксіз іс-әрекетке жетеледім. Бұл бағдарламаны оқып , үйреніп оны өз жұмысымда қолданып мұғалімдік кәсіптің қыр-сырына тереңдей түстім. Бағдарлама стратегиялары оқушылардың бірін-бірі тыңдап, құрметтеуіне үйретті. Қуанышпен айта кететін жайт , бұрын үндемей отыратын балалардың сабаққа қызу араласуы. Жай уақытта олар өздерін бұлай көрсетуге бара қоймас еді. Сабақтарды ерекше , жаңа технология жобасымен өтуі оларға еркін сөйлеп, ойларын ашық жеткізуге, сыншыл көзқарас байқатуларына мүмкіншілік туғызғандай.

Әрбір сабақ соңында оқушылармен кеңесу барысында оларға зерттеушілік қабілетті арттыру үшін интернет желісіне кіріп, іздену керектігін және кітапханаларға барып тіл байлықтарын арттыру үшін әдеби оқулықтар алып оқуды түсіндіремін. Оқушының сыни тұрғысынан ойлануына оң ықпалын тигізетін әңгіме түрі зерттеушілік әңгімесі болып саналады. Осы зерттеушілік әңгімені өз сабақтарымда жиі қолданамын. Сонда ғана оқушы білімді, саналы, ойлау қабілеті мен сөйлеу шеберлігі дамитындығын, өмірге көзқарасы қалыптасып, белгілі бір шешімді қабылдай алатынын, есте сақтау қабілеті дамитындығын, алған білімін кез-келген жерді пайдалана алатын тұлға қалыптасатынына сенемін.

Сын тұрғысынан ойлауға құрылған ойындар, тренингтер топтамасы

«Бинго»

3х3 шаршысында сабақ тақырыбына қатысты әртүрлі түйінді сөздер

орналасқан. Оқушылар тиісті түйінді сөздерді айрықшалауы керек. Барлық түйінді сөздерді анықтаған бірінші оқушы жеңімпаз атанады.

Ескерту: оқушыларда әртүрлі түйінді сөздер жинағы болу керек.

«Биографиялық поэма» (Биопоэма)

Тақтаға немесе әрбір оқушыға параққа жазылып, өзі туралы мынандай сауалдарға жауап беру тапсырылады:

1. Есімім (Өз есіміңізді келтіріңіз)
2. Мен қандаймын? (Өзіңізді сипаттайтын үш сын есім келтіріңіз).
3. Сүйікті іс-әрекеттерім (Қол боста айналысуды құмартатын үш әрекетіңіз, хобби)
4. Неден қорқамын, сескенемін? (Өмірдегі қорқыныш пен қауіптеріңіз)
5. Өмірлік қағидам (кредо) (Өмірде ұстанатын басты қағидаңыз, ұраныңыз)
6. Сүйікті ақын-жазушыларым (Қандай ақын-жазушыларды ұнатасыз?)
7. Сүйікті тағамдарым (Қандай тағамдарды ұнатасыз?)
8. Менің жетістіктерім (Отбасыңызда, оқуда, жұмыста қандай жетістіктеріңіз бар?)
9. Менің арманым (Бір арманыңызды атаңыз)
10. Тегім

Бұл тапсырманы орындауға оқушыларға 4-5 минуттай уақыт берілген соң, олар жазғандарын шағын топ ішінде немесе бүкіл сыныпқа (егерде оқуш ылар саны аз болып немесе уақыт жеткілікті болса) оқып береді. Биопоэмаларды оқығаннан кейін, оқушылардың бір-біріне сұрақтар қойып, таныстығын тереңдете түскені дұрыс.

Бұл тәсілді бастары жаңадан қосылған оқушылармен ғана қолданбай, бұрыннан бір-бірін білетін топ ішінде де қолдануға тиімді, өйткені көп жағдайда келтірілген сұрақтар оқушыларды бұрын ескерілмеген жаңа бір қырынан ашады.

Биопоэма сұрақтарын түрлендіріп әрі толықтырып жіберуге де болады. Мәселен, олардың қатарына П. Макдермот «Мен қандай туыспын?» деген сұрақты қосады, оқушылар мұнда өздерін туыс ретінде атайды («Мен әке-шешемнің ұлымын/қызымын, немере, аға/әпке, іні/қарындас не сіңлі, бауырмын» деген секілді). Мұнымен қатар автор сүйікті заттарды, басынан кешкен сезімдерді, қол жеткізген табыстарды, көргісі келген немесе құмартатын нәрселерді (заттарды), туған жерін (немесе тұрғылықты жерін) атауды ұсынады.

«Блиц кездесу»

Екі әріптес біреуі тақтаға, ал екіншісі қарама-қарсы жаққа қарап отырады. Бірінші қатысушыда келесі әріптесіне өтпей тұрып, төменде келтірілген негізгі сөзді(дерді) түсіндіру үшін бар-жоғы 30 секунды бар –мұғалім түсіндіру үшін негізгі сөзді мысал ретінде келтіреді.



Есту қабілеті зақымдалған балалардың дамуына әсер ететін жолдарды іздеу барысында көптеген әр түрлі естімейтін және нашар еститін оқушылардың жеке ерекшеліктерімен әлеуметтік қолдауларын, кемістікті компенсациялаудың оңай, әсерлі жолдардың оқушылардың физиологиялық деңгейін ескеру керек. Ресей дефектологтары оқушылардың оқу бағдарламасындағы қажеттіліктерін анықтай отырып, осы қажеттіліктерді іс-әрекет талаптарын өзгерте отырып қалыптастыруға болатыны дәлелді. С.А.Зыкова зерттеулері осы қажеттіліктерді заттық тәжірибиелік іс-әрекет кезінде мақсатты түзетуге үлес қосты.

Оқытуға қойылатын талаптардың бастапқы белгілі жүйесін оқыту процесінің принциптері деп атайды. Сурдопедагогикада, принциптер дегеніміз, түзете-білім беру процесінің ұйымдастырылуының және білім алуда ерекше қажеттіліктері бар тұлғалардың (жандардың) танымдық іс-әрекетінің жетекшіленуінің сипаттамасы мен ерекшеліктерін белгілейтін жалпы, негізгі және тұрақты талаптардың жүйесі. Сурдопедагогиканың өздік принциптері білім алуда ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға арнайы білім беруде маңызды, концептуалды ережелерді бейнелейді. Бұл принциптер сурдопедагогика үшін спецификалық (ерекше) болып саналады. Оқытудың түзетуге бағытталған принципі оқыту процесінде арнайы әдістемелік тәсілдерді қолдана отырып балалардың психикалық-физикалық дамуындағы кемшіліктерді түзетуге немесе басуға негізделген;

- оқушылар кемшіліктерінің құрылымын білуді және есепке алуды, психикасы мен тәртібінің сақталған және жағымды жақтарына сүйенуді көздейді, пропедевтикалық кезеңнің және оқытудың мазмұнын, темпін (жылдамдығын) және мерзімін жекешелендіруді қарастырады;

➢ жалпыланған оқу және еңбек іскерліктерімен оқушылардың дербестігінің дамуын қалыптастыруға бағытталған.

Оқытуда және тәрбиеде іс-әрекетті ыңғай жасау принципі психологиядағы «жетекші әрекет» ұғымына сүйенеді. Арнайы білім беру жүйесінде заттық-сарамандық іс-әрекет, дамуында түрлі ауытқуы бар баланың компенсаторлық дамуын қамтамасыз ететін (бұзылған психикалық функцияларды түзету мен толықтыру (компенсация) құралы болып), білім беру мен еңбек әрекетінің

қажетті элементтерінің пропедевтикасын қамтамасыз ететін спецификалық (ерекше) құрал болып саналады. Қалыпты баланы сөз арқылы оқытуға болса, білім ауда ерекше қажеттіліктері бар балаға арнайы ұйымдастырылған және педагогпен бағытталатын өздік іс-әрекет процесінде ғана түсінікті болады.

Арнайы педагогикалық жетекшіліктің қажеттілігі принципі. Тек арнайы педагог, баланың даму заңдылықтары мен ерекшеліктерін және танымдық мүмкіншіліктерін, бір жағынан, және оған берілетін түзету мен толықтыруға бағытталған көмектің (жәрдемнің) мүмкін жолдары мен әдістерін білу – екінші жағынан, оқу-танымдық іс-әрекеті процесін ұйымдастырып, осы процесті басқара алады. Көптеген жағдайда білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың дамуының күрделі ерекшеліктеріне байланысты олардың өздік оқу-танымдық іс-әрекеті қиындатылған немесе мүмкін емес.

Есту қабілеті бұзылған балалардың олардың тұлғалық және психикалық дамуын жан-жақты қарастыратын жұмыс бағыты қажет. Бұл жерде баланың өз мүмкіндіктерін бағалауға оның ата-анасы көмек беруі тиіс, бірақ ешбір жағдайда баланың өзі туралы ой – пікірін жоққа шығармау керек. Жеке өзін–өзі бағалау үлкендердің бағалауы және баланың өзіндік тәжірибесі негізінде қалыптасады. Есту қабілеті зақымдалған балаларда өзін-өзі бағалауы барлық кезеңдерге сай өтеді, бірақ әр кезеңде белгілі-бір тежеулер бар. Бұл сырттан келген ақпараттың көлемінің ерекшелігіне байланысты. Себебі, кемістік аумағы есту аппараты болса, бұл өзі –өзі бағалаудың қалыптасуының негізігі орталығы. Себебі, есту қабілеті бұзылған бала үлкендер немесе айналадағылар оны не деп бағалап жатқанын естімейді. Сондықтан да қалыпты дамыған баланың өзін-өзі бағалауының қалыптасуында пайда болатын мәселелердің барлығы, есту қабілеті зақымдалған балалардың қалаптасуында әлдеқайда қиын үдеріс болып табылады. Баланың мектепке барғанына дейін оның дамуына отбасы тікелей әсер етсе, мектепке барған соң баланың тұлғасына әсер ететін көптеген жаңа жолдар ашылады, олар: достары, мұғалімдер, қоршаған ортасы, оқу процесі. Оқыту қызметі үрдісінде, түрлі жағдайларда түрлі қиындықтарды шешуде автономия балаларды қамтамасыз ету үшін қажет. Мектеп жасында, ол жеке қасиеттері, эмоционалдық тәжірибе мен әдебиеті қарым-қатынастар кейіпкерлерінің талдау негізінде тұлғааралық қарым-қатынас, фильмдер, нақты өмірлік жағдайларда қатысты спектакльдер туралы есту қабілеті нашар балаларға өкілдігін байытып маңызды болып табылады. Жоғарыдағы жағдайларды айта отырып,келесідегідей қорытынды жасауға болады:

1.Әлеуметтік ортаға кіріктіру барысында білім алуға мүмкіндіктері әртүрлі балалардың жалпы және арнайы педагогикалық жүйесінің адамгершілік баламасы болып табылады;

2.Бейімдеуге байланысқан балалар өз әлеуметтік тәжірибесін байыта отырып, бала ұжымында қалыпты қарым-қатынасты орнатуға үйренеді; 3.Мүмкіндігі шектеулі балалар әлеуметтік, адамгершілік жағынан жан жақты дамуға мүмкіндік алады.

Баланы оқуға қызықтыру және дамыту мақсатында сабақ алдында, ашықтық, сенімділік деңгейін, эмоционалдық еркіндікті дамытатын, топта бірауыздылық орнатуға жағдай жасайтын психологиялық жаттығуларды көбіркек өткізу керек.


Багиева Гульзат Амангельдиновна


Ақтөбе қаласы, "№ 5 жалпы білім беретін орта мектеп" КММ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

ДУЛАТ ИСАБЕКОВ «ӘПКЕ» ДРАМАСЫ. КЕЙІПКЕРЛЕР ГАЛЕРИЯСЫ

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	8.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу; 8.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану.
Сабақтың мақсаты	**Барлық оқушылар орындай алады:** кейіпкерлерге портреттік мінездеме береді. **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** кейіпкерлер бейнесін ашады, тура және жанама мінездеулерге жіктейді. **Кейбір оқушылар орындай алады:** көркем шығармадан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолданады

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру: басы 1-6 минут	QR код арқылы оқушылар 4 топқа бөлінеді. **Топтың аты:** 1. Қамажай 2. Омар 3. Тимур 4. Нәзила **Амандасу.** Сабақта жағымды эмоционалды атмосфераны қалыптастыру мақсатында амандасудың түрлерін ұсыну. Амал мерекесіне орай төс қағысып амандасады. (2мин) **Қызығушылықты ояту. Тақырыпты ашу.** Бейне қоңырау шалу. (2 мин) **«Ой қозғау»** «Әпке» драмасы туралы **Д.Исабековтің пікірі.** Бейне материал (Мәлімет Білім және Мәдениет арнасынан алынды) (2 мин) Бейне материалдан кейін оқушыларға бағалау парағы мен Әр оқушыға 10 асық салынған қоржын беріледі. **Тапсырмалармен жұмыс.** Шығарма кейіпкерлерін еске түсіру мақсатында «Тарсия» әдісі орындалады.**(5мин)**	Ұялы телефон арқылы топтың атын анықтайды. Оқушылар бір-бірімен төс қағысып амандасады Оқушылар тапсырма орындау барысында асықтан алып отырады. Сабақ аяғында жинаған асық санына қарай балл жинайды Дайын қағаз қиындыларын сөйлем мен кейіпкерге сәйкестендіріп қою. Оқушылар ту-		   https://www.youtube.com/watch?v=YYOAyut0xDQ  

Ортасы 7-30 минут	  **Тапсырма -2** Оқушылар оқулықтан жұмыс жүргізеді. 5-**тапсырма 150 бет** Оқушылар оқулықтан үзінділер арқылы кейіпкер мінезіне талдау жасайды. **(6мин)** **Дескриптор:** -кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктей алады; -кейіпкерлерге мінездеме бере алады; -шығарма кейіпкерлеріне талдау жасай алады **Тапсырма -3 *Жеке жұмыс*(6 мин)** **Wordwall** бағдарламасы арқылы кейіпкерлерге талдау. Рөлдік оқу. Қамажай +Қабен, Қамажай +көрші әйел , Қамажай +Нәзила, Қамажай +Ермек, Омар +Тимур **Тапсырма -4** **«Шынайы көзілдірік» әдісі. *Жұптық жұмыс.* (6 мин)** **Ақ көзілдірік**-шығарманың үлгі алар тұстарын айту; **Қара көзілдірік**-шығармадағы көлеңкелі тұстарға сыни көзқарас білдіру. **Дескриптор:** - әр оқушы кейіпкер туралы өз пікірін жазады; - пікірлерді саралап, жұп ортақ идеяға келеді; - жұптық жұмыс жасай алады. **Түйін сөз. «Микрафон» әдісі** Көзбен не көрдім ? Құлақпен не естідім? Жүрекпен не сездім? **(6 мин)** **Барша әпке- бауырлардың құрметіне әнші Бекзат Қунанбайдың** орындауындағы «**Бауыр Керек**» әнін бірге орындау ұсынылады. **(1мин)** **Үй тапсырмасы:** «Отбасы–кішігірім мемлекет. Оны басқару үшін жалғыз махаббат жеткіліксіз» тақырыбында шығарма жазу **(2 мин)** **Бағалау**	ра және жанама мінездеудің анықтамасын дәптерге жазады. Оқулықпен жұмыс. Топпен жұмыс жасайды. Оқушылар кейіпкерлерді рөлге бөліп оқиды Берілген мәтінмен жұмыс жасайды. Арнайы көзілдірік арқылы мәтіндегі ойға өз көзқарасын білдіреді. Оқушылар сабақ барысы бойынша түйген ойларын ортаға салу Әнді бірге орындайды Үй тапсырмасын күнделікке жазады. Қоржындағы асықтардың санына қарай балл анықталады	       	    https://youtu.be/5KUgcasC2Gw күнделік 
Соңы . Қорытынды 31-40 минут				

Баймагамбетова Динара Еркімбайқызы
педагог-сарапшы

БЕРЕКЕЛІ, МЕРЕКЕЛІ – АЛТЫН КҮЗ!

БҚО,
Ақсай қаласының №4 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың күзгі табиғат ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейте түсу, күздің негізі белгілерін, әңгімелеп айтуға үйрету, күз байлықтарын - астық, көкөніс, жемістер туралы білімдерін толықтыру. Еңбекті, табиғат сұлулығын сүюге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: күзді бейнелейтін суреттер, ағаш, жапырақтар.

Барысы:

Мұғалім:

Бұлттар төніп, жерге шөгіп,
Дымқыл тұман басады.
Шөп сарғайып, өңі тайып,
Дала сұры қашады.
Бой жаза алмай, ойнай алмай,
Денең мұздап тонады.
Айтыңдаршы, бөбектерім,
Бұл қай кезде болады?

- Қай мезгіл, кім айтады?
- Күз.
- Дұрыс айтасыңдар.

- Бүгінгі «Берекелі, мерекелі –алтын күз» атты шарамызға қош келдіңіздер. Күз – жыл мезгілінің бірі. Күз-мерекелі, берекелі ай. Бүлдіршіндеріміз білім ордасына алғашқы қадамдарын жасайды. Әрбір шаңырақта той тойланады. Балалар, өздерің білетін күзде тағы қандай өзгерістер болады?

Оқушылардың жауабы: Күзде күн салқындайды. Жаңбыр жиі жауады. Күзде астық жиналады. Балалар мектепке барады. Құстар жылы жаққа қарай ұшады. Шөптер, жапырақтар алтындай сап-сары болып сарғаяды. Астық, жеміс, көкөністер піседі. Адамдар қысқа дайындалады. Біз жемістерді, көкөністерді жинаймыз.

Мұғалім: Күз айлары қонаққа келіпті. Балалардың білімдерін тыңдамақшы.

Қыркүйек: Менің атым – қыркүйек. Күздің бірінші айымын. молшылықтың, байлықтың айымын. Ал, балалар, мен туралы не білесіңдер?

Бәрі: 1 қыркүйек –білім күні.

Оқушы: Оқуға алғаш келгенде,
Болсын деп білім серігім.
Қиялым қанат бергенде,
Жүзбек боп ғылым теңізін.
Қарсы алды күліп мектебім.
Тұр екен дайын партасы.
Бақытқа мұндай жеткенім
Алтын күздің арқасы.

Қазан: Менің атым – қазан. Күзгі жиын-теріннің соңғы айымын, еңбеккер елді той-думанға кенелтемін. Менде қандай мереке күндер бар?

Бәрі: Мұғалімдер күні, қарттар күні.

Абдуллаһтың мұғалім туралы жаттаған тақпағын тыңдайықшы.

- Қарттар деген кімдер?

- Ән «Алтын күз»

- Қараша: Менің атым-қараша. Күздің соңғы айымын. Қыстың жақындап қалғанын хабарлаймын. Енді кезекті күз байлықтарына берейік. /Қолдарына суреттер/ астық, жеміс, көкөніс/ ұстаған оқушылар тақпақ айтады. /

Тақпақтар

Нұрлы: Мен картоппын, картоппын
Бір қарасаң доппын
Кім не жесе де жағам
Мені қоссаң тәтті болар тағам
Нұрберген: Тіл үйірген алмұртпын
Таңсығымын бар жұрттың
Жақсы өсіре алмайды.
Қараса егер салғырт кім
Жангир: Алма, алма дейсің
Алма әкелсем жейсің
Айтпады екен деме
Алманы жумай жеме
Амирхан: Кім бар **сәбіз** шырынын
Жастайынан ішпеген?
Мені жеген адамдар

Кем болмайды күшке де!
Аянат: Ақ түсім бар қант алар,
Қызыл түсім - қанға нәр.
Ал, балақай біліп қой,
Қызылшамын пайдам бар.
Ихлас: Асханадан шықпаймын,
Атым – пияз бұқпаймын.
Көзден жасты шығарып,
Тұмаудан бірақ сақтаймын.
Асель: Тал шыбығым бұралып,
Бақшаларда қызарып,
Тұрған ол мен – қызанақ,
Күнге қарап ұялып.
Райян: Көктеп ерте шырмалып,
Өсемін мен бүр жарып.
Атым – қияр, теріп ал,
Жиі - жиі суғарып.
Дария: Бақшаларда тізіліп,
Қаперсіз мен жатамын.
Қабат - қабат киініп,
Қырыққабат атандым
Ади: Иісім жұпар аңқыған,
Бақшадағы шырынмын.
Жеп көргендер тамсанған –
Балдай тәтті қауынмын.
Нұрәлі: Көрсең егер бақшада
Доп екен деп қалма.
Шөл қандырар қарбызбын,
Ерте үзіп алма!

Қыркүйек: Ендеше біз де күз туралы әңгіме құрастырып көрейік.

Мынау-бақ. Онда түрлі жеміс ағаштары өседі. Олар:алма, алмұрт, шабдалы, алхоры, жүзім, шие. Жаз бойы ағаштарды күтіп, суардық. Күзде жемістері піскеннен кейін жинап аламыз. Олар әрі тәтті, әрі пайдалы.

Қазан: Біздің бақшада картоп, сәбіз, орамжапырақ пияз, қияр, қызанақ өседі. Біз жазда оларды күтеміз Күзде жинап аламыз.

Қараша: Бидай-астық. Бидайды комбайншы орады. Бидай мол болса, нан да мол болады.

Хадиша: Нан анасы - бидаймын,
Нанды елге сыйлаймыз.
Піскенімде мен қырда
Қауызыма сыймаймын.
Исламхан: Диқан бабаң екті де ,
Еңбектен еш қашпады.
Алдыңа кеп төктіде
Нанды үйіп тастады.
Аружан: Қызыл мұратты арпамын
Ырыс құтты арпамын
Машинаға мініп ап,
Малды ауылға тартамын.
Елхан: Қыс құнар береді,
Көктем дән береді,
Жаз бастап өсірсе
Күз жинап береді.

Мұғалім: осы нанның дастархан басына қалай келетінін білейік. Видеоролик көрсету

БИ: «Қырманға кел, қалқатай» ұлдар биі

Қыркүйек: Балалар, күзге байланасты кім мақал-мәтел біледі?

Күз дәнімен көрікті
Қыс қарымен көрікті
Қар көп болса, дән көп
Қыс қарымен көрікті
Қар көп болса, дән көп
Су көп болса, ну көп

Қазан: Балалар, сендер мақал-мәтелді де жақсы біледі екенсіңдер, ал жұмбақ шешіп көрейікші.

1. Алтын сары тоны бар
Қойында дәні бар
Не екенін тауып ал (бидай)
2. Қызыл, сары кемелер,
Су бетінде қалқиды,
Соқса егер салқын жел
Ырғалады толғиды. /Жапырақ /
3. Үстінде тігіп дәу шатыр, астында қызғылт дән жатыр /Қызылша/
4. Жаздай інге тығылып,
Жатқан қызыл түлкіні
Құйрығынан суырып,
Әкелді әкем бір күні./Сәбіз/
5. Аспай піскен, қайнамай түскен. /Жеміс/
6. Сырты жасыл, қызыл шар,Іші қызыл тәп-тәтті./Қарбыз/

Қараша: сергіп алайық: Жаңбыр қалай жауады? -тырс, тырс деп қолымен балалар көрсетеді. Жел қалай уілдейді? – у –у –у. Жаңбырдан кейін суда қала й жүреміз?-(шылп-шылп аяқпен көрсету) Балалар ойнағанда қалай қуанады? (ха –ха –қолын созады алға) Мамаларың үстеріңді көріп не дейді? (ах - ах-ах бетін ұстап) көрсетеді.

Амина: Аспанда сұрғылт бұлт,
Жан - жақтан жабады,

Күнбірте суытып
Жауын көп жауады.
Санжар: Астық - жеміс жиылды.
Қамбамызға құйылды.
Ардақты күз - мың алғыс.
Алдық өнім сыйыңды.
Абдуллаһ: Алтын, сары, қызыл, көк,
Алуан - алуан жапырақ
Күзгі бақты күлімдеп
Көз тартады атырып.
Қыздар биі: «Қолшатыр»


Қорытынды: Міне, балалар, әр мезгілдің өзіне тән ерекшелігі бар. Еңбекті талап ететін күз мезгілі бізді тәтті тағамдармен байытады.





Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	4.2.3.2 Жүйке жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау

Сабақтың барысы.

Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	**Жұмыс ережесін келісу** Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты,дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! **Топқа бөлу.** **«Төрт сурет, бір тақырып» әдісі** арқылы 4 топқа бөлу 1-топ «Ойлау» 2-топ «Жылау» 3-топ «Иіс сезу» 4-топ «Қысым» **Үй тапсырмасын тексеру** **«Айналмалы дөңгелек-2» әдісі** арқылы	Оқушылар сұраққа жауап береді, жұмысты берілген түріне қарай орындайды. Суреттерден тақырыпты табу Интерактивті тақтадан орындайды.	ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау. ҚБ:Қол шапалақтау	Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары. суреттер Интерактивті тақта
Ортасы	**Жаңа тақырыпты ашу** **«Мюнстерберг» әдісі**	Берілген сұраққа жауап беріп,		

	Мақсаты: Әріптердің арасынан тұтас сөзді тауып оқу. **Сұрақ-жауап** -Иісті қалай сеземіз?(мұрнымызбен) -Дәмді қандай мүше арқылы сеземіз?(тіл арқылы) -Тері арқылы нені сеземіз?(ыстық,суықты) **Видео көрсету.** **Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда)** **«Көршіңе әңгімелеп бер» әдісі** Бұл әдіс оқушылар өз ойларын дауыстап айтып беру үшін пайдаланылады. Сұрақ қойыңыз, ойластыруға уақыт беріңіз, одан кейін оқушылардан өз ойларын көршілерімен бөлісуді сұраңыз, оқушыларға жаңа тақырыпты айтыңыз және осы тақырып бойынша өздері білетін барлық жағдайды көршісіне айтуын ұсыныңыз.  Ағзаны басқару орталығы Эврика сыныбында сауалнама жүргізіп, оның нәтижесін кестеге енгізді. Сыныптастары нені ұнатады? Дәмді қай мүше арқылы сеземіз? Иісті ше? Заттарды қалай көреміз? Дыбысты қалай естиміз? Суық пен ыстықты қалай сеземіз? Қоршаған ортадан алынған осы ақпараттың бәрі қай мүшеге барады? № / Оқушылардың есімі / Таңдаулы түрлері: тәтті / алма 1 Алан ✓ ✓ 2 Динара ✓ 3 Бақыт ✓ 4 Нұрлан ✓ Барлығы 3 2 ***Дескрипторы:*** **Жүйке жүйесінің маңызы туралы біледі;** **Жүйке жүйесі гигиенасын сақтау жолдарын үйренеді.** **Топтық жұмыс** **1-топ** Сезім мүшелері **2-топ** Дәрігер **3-топ** Көз **4-топ** Құлақ **Сергіту сәті** «Түстер әлемі» әдісі **Жеке жұмыс** **1. «Не? Қандай?» әдісі** Оқушы қораптан затты алып,не екенін сипап сезу арқылы табады. **2.«Тат та, дәмін тап» әдісі** Оқушы татып қарап, дәмін табуы керек. **Дескрипторы:** 1.Оқушы сипап-сезу арқылы затты не екенін табады. 2.Дәмін ажыратады.	тапсырмаларды талапқа сай орындайды. Белсенді оқу тапсырмалары Постер қорғау Топта ауызша талқылау	Формативті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. ҚБ:Жарай сыңдар ҚБ:Керемет ҚБ:Жарай сыңдар	Видео Оқылым, айтылым тапсырмалары. Маркер,қағаз,т.б. Әр түрлі заттар Топтық тапсырмалар.

	«Төрт сөйлем» әдісі **1.Пікір.** Тақырып бойынша өз пікірлерін айту. **2.Дәлел.** Өз пікірлерін бір сөйлеммен дәлелдеу. **3.Мысал**. Пікірлерін өмірмен байланыстыру. **4.Қорытынды**. Тақырып бойынша қорытынды шығару.  **Дескрипторы:** Өз пікірлерін айтады, дәлелдейді, өмірмен байланыстырады, қорытындылайды.			
Соңы	**«Алаңды аш-2» әдісі** Сабақты бекіту тапсырмаларын орындату. 	Интернет,ноутбукпен жұмыс	ҚБ: Бағдарша м көздері арқылы бір-бірін бағалау. 	Интерактивті тақта
Кері байланыс	**«Жұбын тап-2»әдісі** кері байланыс. Ақиқат немесе жалған пікір «Бес саусақ» әдісі арқылы өздерін бағалау.	Ақиқат пен Жалған пікірді ажырата білу		Бес саусақ

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



Булекбаева Кундей Имамадиновна

ҚАЗАҚ ОРКЕСТРІНІҢ ТҰҢҒЫШ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ АХМЕТ ЖҰБАНОВ

Ақтөбе облысы
Алға ауданы
«Бестамақ орта мектебі» КММ
музыка пәні мұғалімі

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	3.1.1.1- тыңдалған әуеннің сипатын, мазмұнын, жанрын, көркемдеуші құралдарын анықтау және салыстыру. 3.1.3.3 –музыкалық шығармаларды талдау барысында негізгі музыкалық ұғымдарды анықтау және ажырату
Сабақтың мақсаты:	- тыңдалған әуеннің сипатын, мазмұнын, жанрын, көркемдеуші құралдарын анықтайды және салыстырады. –музыкалық шығармаларды талдау барысында негізгі музыкалық ұғымдарды анықтайды және ажыратады. *«Ақ көгершін» әнін үйренеді. Өлеңі Б.Байқадамов, Әні:А.Жұбанов*
Құндылықтыр	*«Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясы бойынша*,қоғамдағы бірлікке, оқушылар арасындағы достық, силастық, қарым-қатынасты сақтай білуге тәрбиелеу. Отбасы құндылықтарын бағалауға баулу.

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі (уақыты)	**Педагог әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурс тар**
Сабақтың басы 10 мин Сабақтың ортасы	**Ұйымдастыру. Сәлемдесу.** **1 тапсырма. «Біздің оркестр» әдісі** -Балалар біздер бәріміз бірге кәзір қандай аспаптарда ойнадық? **(ШУЛЫ АПСАПТАР)** -Аспаптардың бірге топтасып ойнауын музыкада қалай атаймыз? **(ОРКЕСТР)** -Балалар ендеше музыкалық аспаптарды алғаш зерттеп,оркестр құрған Ахмет Қуанұлы Жұбанов туралы бүгінгі сабағымызда білетін боламыз. **2 тапсырма «Сен білесің бе?» айдары** (Топта отырған оқушыларға топтық жұмыс таратылады) QR код арқылы мәліметті тыңдап,төмендегі тапсырмаларды орында.	Барлығы бірге Сынып болып шулы аспаптармен ойнайды Сұрақтарға жауап беру арқылы жаңа сабақ тақырыбын анықтайды Топтық жұмысқа берілген тапсырмаларды орындайды QR код арқылы мәліметті тыңдап,төмендегі тапсырмаларды орында Жұбановтың «Би күйі»	Мақтау мадақтау сөздер **Дескриптор**: -мәтінмен танысады, Ах мет Жубанов туралы біледі, шығармаларыме н танысады. Жарайсың! тамаша! Керемет!	Слайд аудио жазба Оқулық Слайд аудио жазба

30 мин Сабақтың соңы 5 мин	**3-тапсырма. Музыка тыңдау** «Би күйінің» Тыңдау талдау -Ахмет Жұбановтың «Би күйін» оркестрдің орындауында тыңда. -Күйден қандай әсер алдың? -Күйді әуендетіп орындауға бола ма? -Оркестр дегеніміз не? **4-тапсырма. «Зерттеу» .** Оркестр- орындаудың ұжымдық түрі. Музыкалық шығарма әуенінің ноталары әр аспапқа арнайы жазылады. Оны «партитура» деп атайды. Партитура арқылы бір мезгілде барлық аспаптарда орындалып жатқан дыбысты қадағалауға болады. *-Әуенді бір топ орындайды,екінші топ ұрмалы аспаптарда қолданып, ырғақтық сүйемел жасайды.* **-тапсырма.Орындау.Үйрену** -Көгершін – дүниежүзінің кейбір халықтары үшін бейбітшілік белгісі. *-Әннің сөзіне, мағынасына зейін қой.* *-Асықпай, орташа екпінде орында.*  **Кері байланыс.** **Көгершінің қанатына жазылған хаттар арқылы кері байланыс береді**	Оқушытылар өз ойларын ауызша жеткізеді сұрақтарға жауап береді. Көркемдеуші құралдарды анықтайды. Сұрақтарға жауап береді Екі қатарға бөлініп Би күйінің әуенін нотаға қарап орындайды. Дауыс жаттығуын айту ережеге сай Әнді біркелікте айтып үйренеді. Қорытынды сұрақтарға жауап құрастырады Көгершіннің хатына ұстазға кері байланыс жазады,өз ойларымен бөліседі	*!!* **Дескриптор**: - күйді бұзбай нотаға қарап орындайды, сұрақтарға жауап береді. *Жарайсың!* *Тамаша!* *Керемет!!*	Слайд аудио жазба оқулық Слайд аудио жазба оқулық Кері бай ланыс Тақтай шасы

ЖЕЛШЕШЕК АУРУЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН АЛДЫН АЛУ

Серік Ақмаржан Русланқызы
«Бопай ханым жоғары медициналық колледжі» ЖШС Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, «Мейіргер ісі» бөлімінің 2 курс студенті

Жетекшісі:
Галимжанова Макпал Темирбулатовна

Қазіргі уақытта климаттық, әлеуметтік, адамдардың иммундық жүйесінің әр алуандығы сияқты әр түрлі факторларға байланысты облысымызда желешек (ветряная оспа, ветрянка) инфекциясы өршіп тұр. Өткен жылдардағы статистикаға сүйенсек 2022 жылдың өзінде облыста желшешекпен 5280 жағдай тіркеліп, аурушаңдық көрсеткіші 579,38 болса, 2021 жылы 100 мың халыққа 267,34 аурушаңдық көрсеткішімен 2386 жағдай тіркелді. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда аурушаңдық 2,2 есеге өскен.

14 жасқа дейінгі балалар арасында 2021 жылы 856,20 болған 2199 жағдайға қарсы 1910,0 ауру көрсеткішімен 5141 жағдай тіркелді. 14 жасқа дейінгі науқас балалардың үлесі 97,4% құрады. Осыған орай, әр адам бұл аурудың белгілері мен қорғану жолдарын біле жүргені жөн.

Желшешек (ветряная оспа) – ауа-тамшылы механизммен (берілу жолдары - аэрозоль, контактілі және тұрмыстық) берілетін жоғары контагиозды жедел вирустық ауру. Қоздырғышы – Herpesviridae тұқымдасына (грек тілінен аударғанда герпес – жорғалағыш), Varicellavirus тұқымдасына жатады. 3 типті герпес вирусы - Varicella zoster. Сыртқы ортада өте тұрақсыз, күн радиациясы, желдету кезінде таза ауа, дезинфекциялық заттар вирусты бірден өлтіреді.

Инфекция көзі ауырлық дәрежесіне және клиникалық көріністеріне қарамастан науқас адам болып табылады. Науқас инкубациялық(жасырын) кезеңнің соңғы 48 сағатынан бастап және бөртпенің соңғы жаңа элементі пайда болған сәттен бастап 5 күнге дейін сау адамдарға (сезімталдығына байланысты) жұғады. Ауру өте жұқпалы, бірақ инфекцияның пайда болуы үшін науқас пен сезімтал ағзаның тығыз байланысы қажет. Желшешектен кейін тұрақты иммунитет қалыптасады. Қайталануы өте сирек кездеседі. Бұл аурумен кез келген жастағы адамдар ауруы мүмкін, бірақ көбінесе 5-9 жастағы балалар жиі ауырады. Балалардың ұжымдасқан тобында бір адамда желешек жағдайы анықталғаннан кейін инфекцияның өршуінің алдын алу іс жүзінде қиынға соғады. Әдетте, ауру балаларда жеңіл өтеді. Айта кету керек, науқас неғұрлым үлкен болса, ауру соғұрлым ауыр өтеді. Суық мезгілде ауру көбейеді.

Ауру белгілері мен клинкалық көріністері. Желшешек кез келген жұқпалы ауру сияқты, инкубациялық кезеңге ие. Бұл ауру қоздырғыштары ағзаға енген сәттен бастап аурудың алғашқы белгілері пайда болғанға дейінгі уақыт. Желшешекпен бұл кезең науқас адаммен байланыста болған сәттен бастап 11-ден 21 күнге дейін созылады. Аурудың алғашқы белгілері - ұйқышылдық, летаргия, мазасыз ұйқы, тәбеттің нашарлауы. Дене температурасының 38-39°С дейін көтерілуі байқалады. Температурамен бір мезгілде немесе 1-2 күннен кейін теріде бөртпелер

пайда болады және барлығы бірден емес, бірте-бірте пайда болады. Алғашқы элементтер бас терісінде және құлақтың артында локализацияланған, содан кейін бөртпе дене мен аяқ-қолдарға таралады. Бөртпе кішкентай дақтарға ұқсайды. Бірнеше сағат ішінде олар мөлдір, содан кейін қабықшасы бар көпіршіктерге айналады. 1-2 күннен кейін көпіршіктер құрғап, қабық құрайды. Біраз уақыттан кейін қабықтар түсіп, қалған жара жазылады. Бөртпенің жаңа элементтері әр 1-2 күн сайын белгілі бір уақыт аралығында пайда болады, сондықтан науқас нәрестенің терісінде әртүрлі кезеңдегі желшешек элементтерін көруге болады: жаңа дақтар, көпіршіктер, қабықтар. Бөртпе қышумен бірге жүреді. Балалар мазасызданып, терісін тырнайды. Жаңа везикулалардардың пайда болуы дене температурасының жоғарылауымен және жалпы жағдайдың нашарлауымен бірге жүруі мүмкін. Терідегі бөртпемен бір мезгілде шырышты қабаттарда бөртпелер пайда болады.

Жаңа туған әрестелер желшешекпен сирек ауырады, өйткені олардың көпшілігі аналық антиденелермен қорғалған. Егер вирусқа қарсы антиденелер балаға анасынан берілсе, онда ауру жеңіл түрде жойылуы мүмкін. Егер ананың қорғаныш антиденелері болмаса, онда желшешек тез дамиды: интоксикация белгілері айқын болады, конвульсиялар мүмкін, сана бұзылады, ішкі органдар мен жүйке жүйесінен асқынулар пайда болады.

Түрлі дереккөздерге сәйкес, желшешекпен ауыратын жүкті әйелдерде пневмонияның дамуы жалпы жағдайлардың орташа санының 22% -на жетеді және олардың 42% -ы өліммен аяқталады. Вирус плацентарлы тосқауылға еніп, балаға жұқтыруы мүмкін, көріністердің ауырлығы жүктілік уақытына байланысты.

Желшешекпен ауырғанда өзін-өзі емдеуге жол берілмейді. Алғашқы белгілер пайда болған кезде дәрігер терапевтпен немесе педиатрмен кеңесу керек. Науқасты одан әрі бақылауды жұқпалы аурулар жөніндегі маман жүзеге асырады.

Ересектерде 39,5°С-тан, балаларда 38,5°С-тан жоғары температурада антипиретиктер, конъюнктивитке қарсы вирусқа қарсы және бактерияға қарсы көз тамшылары, желшешек ауруының аллергиялық құрамдас бөлігі үшін антиаллергиялық препараттар, спрейлер мен таблеткалар, ерітінділер түріндегі жергілікті қабынуға қарсы кең спектрлі антибиотиктер (бөртпе элементтерінің іріңдеуінде – қайталама бактериялық флораның қосылуы және асқынулардың дамуы) тағайындалады.

Аурудың алдын алу. Желшешектің таралуын болдырмауда жетекші рөлді ауру және сау адамдарды оқшаулау атқарады (ауырмаған 7 жасқа дейінгі балалар науқаспен байланысқан сәттен бастап 9 күннен 21 күнге дейін бөлінеді); Науқас бөртпенің соңғы жаңа элементі пайда болған кезден бастап 5-ші күнге дейін айналасындағы (ауру емес) адамдардан оқшауланууы керек.

Сонымен қатар:

науқас адамдармен араласқаннан кейін қолды және бетті сабынмен жуу;

санитарлық нормаларды (таза төсек орын, қысқа кесілген тырнақтар,жеке бас гигиенасы, интимдік гигиена) қатаң сақтау ұсынылады.

- ашық ауада серуендеу;
- дұрыс тамақтану, мультивитаминдер;
- бөлмені жиі желдету
- позитивті эмоционалды көңіл-күйді сақтау сияқты әрекеттерді естен шығармаған жөн.

Ерте жастағы вакцинация балаларда аурудың дамуын 99% болдырмайды, көп жағдайда байланыста болғанда - алғашқы 72 сағатта жүкті әйелдерде ауыр формалардың және ұрықтың патологиясының дамуына жол бермейді. Дегенмен, біздің елімізде вакцинацияның таралуына айтарлықтай кедергі келтіретін бірқатар шектеулер бар - вакцинаның қымбаттығы, жаппай вакцинацияның болмауы. Сондықтан аурудың алдын алуын тек арнайы емес іс-шараларды жүргізіп, халықты ақпараттандыру арқылы ғана жүргізе аламыз.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



Джайлханова Эсем Абзаловна

Ақтау қаласы №27 Өмірзақ жалпы білім беретін мектебінің ағылшын пәні мұғалімін.

«ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ» ДЕГЕН НЕ?

«Абайдың мұрасы – қазақтың ең қасиетті қазынасы».

Нурсултан Назарбаев

Адамзаттың рухани қазынасы болған Абай атамыз былай дейді.

Қалың елім қазағым, Қайран жұртым дегендей,

-Рухани асыл қазына қадыр қасиетті ана тілімізді бойымызға міндеттеу.

-Рухани асыл қазына адамэаттың ынтымақтастығы бірлігін нығайту және аманаттау.

-Рухани асыл қазынамызды ұрпағымызға құрмет сезімін дамыту арқылы жеткізу.

Біз үшін ең басты **«Халықтың рухани асыл қазынасы»** басты құндылық адам және ана тілі болуы тиіс.

Бізің қазақ халқымызда керемет асыл ғажап даналық қасиеттеріміз бар екені анық.

Бұл қандай рухани асыл қазына қасиетіміз?

Ұрпақ тәрбиесі – Ұлт болашағы демекші.

Дүниеде адамнан және ана тілінен асқан рухани құндылық қазына жоқ. Біздің ата заңымызда да, ең басты рухани асыл құндылық мемлекет үшін де ол адам және ана тілі. Біз үшін де солай болуы тиіс. Егер де біз қазақ деген ұлт болып ана тілін және қадыр қасиетіміз ұлт бірлігін руханы асыл қазынамыз деп аялап аманат етіп ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырсақ,елжандылықтан адамзатты шексіз құрметтеуге дейін өседі. «Халықтың рухани асыл қазынасы» ана тілін қатар ойлауымыз керек, бұл өте өзекті дамыту.

Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған адамзаттың ұлттық құндылығы әрқашанда рухани асыл қазынасын сақтайды. Ұлттың сақталуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысының құндылығы рухани асыл мұра ең қасиетті қазынасы – ана тілім бал тілім демекші.

Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз бабам тілі сен қалдың деп Мағжан Жұмабаев айтқандай ата-бабамыздан қалған аманаты ең қасиетті «*Халықтың рухани асыл қазынасы*» ұлттық құндылықты сақтау.

Ана тілі - халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы. Өсіп өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегіміз. *«Халықтың рухани асыл қазынасы»* ана тілімен қоса ұлттық құндылық ғасырлар бойы жинақтаған мәдени мұра болып жалғасып келеді. Халқымыздың зиялы тұлғаларымыздың ой пікірлерінің маңызы дәл бүгінгі рухани асыл қазынамыз жаңғыру жағдайында өзектелене түсіп отыр. Бүгінгі таңда алаш зиялылары ұлтқа қызмет етудің теңдесі жоқ үлгісін көрсетті. Халқымыздың аяулы азаматтары аянбай тер төккен,осындай алаш арыстары рухани асыл қазыналы ана тілін бізге аманат етті. Олай болса аманатқа қиянат жасамайық. Халқына жаны ашитын әр бір азамат осыны түсінуы тиіс. Халықтың рухани асыл қазынасы біздің маңызды мұрамыз екенін ұмытпайық.Ұлт болып қалыптасу үшін, ұйып өмір сүру және тарихта ұлт ретінде сақталып қалу үшін оның тілі, діні, ділі тарихы, әдебиеті мен мәдениеті тұрмыс тіршілігіне қатысты *«Халықтың асыл рухани қазынасы»* ең қасиетті құндылықтар. Осы рухани асыл

қазынанылы ұлттық құндылықтарын сан ғасыр қойнауына сақтап келе жатқан халықтың бірі қазақ халқы. Жахандану заманында өзге мәдениетпен идиалогияның құрбаны болып жұтынып кетпеу үшін де *«Халықтың рухани асыл қазынасы»* осы ұлттық құндылықтарымызды көзіміздің қарашығындай қорғай білуіміз қажет. Қандайда бір жеке тұлға өз халқының дінін ұғып үнін тыңдап тұрмыс тіршілігінде бойындағы кісілік қасиеттерімен салт дәстүрді қатар алып жүрген, қандай да бір әдет ғұрпында замандар бойы жинақталған мол тәжірибе талай сынақтан шыңдалып шыққан *«Халықтың рухани асыл қазынасында»* дәстүрлі жол жатыр. Жеке тұлға өзінің ұлттың ажырамас бөлшегі ретінде сезіне отырып өз халқының тарихын ұлттық құндылықтарды рухани асыл қазынасы яқи жазу, тіл рухани мәдениетпен тағыда басқа жетістіктерін, ұлттық менталитет халықтың әлемдік мәдениет қазынасына қосқан үлесін бағалап оның дамуына ықпал етеді.

Ұлттың тарихы өткеніне бүгінгі мен болашағына деген көз қарасы ана тіліне деген құрметі міне осының бәрі *«Халықтың рухани асыл қазынасы»* ұлттың бір бөлшегі болып табылатын тұлғаға керек дүниелер. Сонымен ардақты ағайын ана тілі *«Халықтың рухани асыл қазынасы»* ұлттық құндылық ең қасиетті қазынасы. Ұлттық құндылықтарымызды жаңғырта отырып тамырымыздан ажырамай жарқын болашаққа қадам басайық.

Қортындылай келе:

Халықтың рухани асыл қазынасы ең қасиетті ана тілін құрметтеу ұлттық құндылық екенін әр бір ұрпаққа жеткізу жан-жақты көрініс табады.

Әр бір жеке тұлға өз отбасында сенім мен сыйластық ана тіліне деген құрметтің ұлттың құндылық мұрасы *«Халықтың рухани асыл қазынасы»* екенін дәріптеп отырса, болашағына сенетін, ұрпақтың бойына жігер ізденіс қуат береді.

Халықтың рухани асыл қазынасы

Асыл рухани қазынамыз қасиетті адам.

Адамда рухани асыл қазынасы қадыр қасиеті.

Асыл қасиеттер кісілік құнары.

Адам бойындағы баға жетпес құндылығы.



Қазіргі кезде жаңа информациялық технологиялар енгізу үшін оқушылардың мүмкіндіктері мен талаптарын компьютер арқылы жүзеге асыруды жылдамдатып болашаққа қарай екпінді қадам жасатып отыр. Ол үшін бүгінгі күні сабақ берудің жаңа тәсілдерін жасау бағытында жақсы жұмыс істеу қажет, олар оқушының білім деңгейін, шығармашылық қабілеттерін арттырып, компьютерді тез игеруге жағдай жасап отыр.

Қоғамымызда компьютер маңызды әрі көрнекті орын алып отырған осындай сәтте компьютерлік технологияларды оқыту жүйесінде пайдалану еліміздің болашағын барлық ғылым салаларында жаңа идеяларды ұсынып, олард жүзеге асыра алатын сауатты ұрпақпен қамтамасыз ете алады.

Жалпы орта білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз – бұл компьютерді қолдану арқылы осы жүйеде ақпараттық жабдықтамаларды барынша тиімді пайдалануға бағытталған процесс. Мұндағы басты жаңалық – компьютер тек оқушы қолындағы құрал ғана емес, ол оған қоса төмендегідей маңызды педагогикалық мәселелерді шеше алады:

- білім мазмұнының мектептік компонентін жасау;
- мектептің оқу жоспарын тиімді етіп жасау;
- оқушының қабілетіне қарай үйрету ісін ұйымдастыру;
- оқыту уақытын бөлуді тиімді түрде жүргізу;
- сабақтағы жұмыс тәсілдерінің тиімді түрін таңдау;

Қазіргі кездегі адамдар үшін «компьютерлік сауаттылық» дегеніміз кешегі жай сауаттылық (оқып жаза білу) тәрізді міндетті түрде іске асырылатын шара болып саналуы тиіс. Соңғы кезде біздің қоғамымызда болып жатқан ауқымды өзгерістер білім саласында да бірсыпыра өзгерістердің туындауына себепші болып отыр. Қазақстанда жаңа білім жүйесі қалыптасуда. Қазір біздің алдымызға қойған мақсатымыз – оқушыға терең де тиянақты білім беру, білім сапасын арттыру арқылы жеке тұлғаны даярлау. Білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді, яғни, педагогикалық технология ұғымы іс - әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда. Әр мұғалім шығармашылықпен жұмыс жасау арқылы өз пәнін оқушыға терең меңгеріп, әр сабақта ғылым мен техника жаңалықтарын қолдана отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, оқу сапасын арттыру керек.

Жалп оқытудың мақсаты әрбір оқушының іскерлігі мен мүмкіндігін дамытуға жағдай жасау болып табылады. Ауыл мектептерінде информатика пәнін оқытуда түрлендіру, жаңа педагогикалық технология элементтерін пайдалану, әр оқушының күнделікті сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймай, сонымен бірге өзі игеріп, ізденіп, талдау жасап, пікір таластырып, шыңдалуына ықпал етеді.

Заман талабына сай мектеп қабырғасында информатика пәнінен алған білімдерін басқа пәндерге пайдалану жолдарын іздену жұмыстарын бастадық. Оқу жүйесінде жаңа оқыту технологиясын пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылық, танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында мектептегі мұғалімдер пәндерді компьютерде қолданып оқытудың маңызы зор. Компьютер арқылы түрлі графиктер, сызбалар, суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдап көрсетуге болады. Бұл, әрине, мұғалімнің тақтаға сызып, жазып түсіндіргеннен әлдеқайда тиімді әрі әсерлі. Мұғалімдер сабақта ауызша өз мәнінде меңгертілуі қиын ұғымдарды компьютердің көмегімен оқушыларға түсіндірсе, сол арқылы әр бір жаңа тақырыпқа деген баланың қызығушылығы оянады және білімін арттырады.

Информатика пәні – басқа пәндерден алған білімдерді пайдаланушы және оны дамытушы пән. Демек, оқушылардың ғылыми дүние танымының, көзқарастарының негізі олардың басқа пәндерден алған білімдерін жинақтау нәтижесінде қалыптасуы керек. Бұл пәнаралық байланыс арқылы жүзеге асады. Пәнаралық байланыс – күрделі педагогикалық проблемалардың бірі. Осы педагогика, психология, әдістеме тұрғысынан жан-жақты зерттелген, зерттелуде. Информатика сабағында интерактивтік әдісті қолданудан оқушылардың білімі тиянақталады, білімі тереңдейді, өздігінен кітап оқуға дағдыланады, өмірмен байланыстылығын, информатика пәнінің түрлі пәндермен байланысты екендігіне көздері жетеді.

Компьютерді экология, табиғатты қорғауға, экономиканы жобалауға, мәдениетті дамытуға қолдануға, информатиканы география, физика, химия, еңбек, құқық, бейнелеу өнері, математика пәндерімен медицина ғылымдарымен байланыстыруға болады.

Пәндер арасындағы байланысты жүзеге асыруда оқушының пәнаралық білімді игеруі екі түрлі жолмен өткізіледі.

Біріншіден, оқушы пәнаралық білімді мұғалімнің түсіндіруінен немесе басқа оқулықтан дайын түрде қабылдайды. Екіншіден, оқушы пәнаралық байланыс мазмұнын шығармашылық ізденіс үстінде игере алады. Онда ол бір жаңалық ашқандай болады. Алған білім есінде ұзақ сақталып, пән бойынша білім сапасы артады, дүние танымы жан – жақты болады.

Мектепте информатика пәнін оқытудың негізгі міндеті – ақпараттарды түрлендіру, тасымалдау және пайдалану процестерін меңгеру, компьютерлік технологияларды тиімді пайдалану тәсілдерін игеріп, қазіргі әлемнің информациялық бейнесін жасауға өз үлестерін қосатын деңгейге жету үшін мектепте информатика пәнін түрлендіріп қызықты оқу тәсілдерін қолдану қажет.

Ермекбаева Әсем Қайратқызы

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ақтөбе қаласы, «Құнан» мектеп – лицейі

АННОТАЦИЯ

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының оқу қасиеттерін қалыптастыру ерекшеліктері қарастырылған. Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда, тәрбиелеуде және дамытуда оқуды оқытудың маңыздылығын түсіне отырып, мұғалім әр сабақта оқу дағдыларының сапасын арттыру жолдары ізделінген

Түйінді сөздер: оқу сауаттылығы, оқу дағдысы, қабілет, сапа, оқу мотиві.

Оқу-бұл визуалды, сөйлеу-есту, сөйлеу-мотор анализаторлары қатысатын күрделі психофизиологиялық процесс. Оқу қажеттілігі бала саналы оқуды еркін меңгерген кезде пайда болады, ол оқудың оқу-танымдық мотивін дамытады. Бастауыш сыныптарда оқудың жоғары сапасының нұсқаларының бірі ретінде оқуды мақсатты түрде оқыту жатады. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының мәтінді қабылдауы ересек оқырманның қабылдауына сәйкес келмейді, сонымен қатар бірқатар ерекшеліктерге ие.

Балаларға сегіз ерекшелік тән:

- Абстракциялық және жалпылама қабылдаудың әлсіздігі;
- фрагментация (мәтіндерді қабылдау тұтастығының болмауы);
- мәтіндердің өмірлік тәжірибеге тәуелділігі;
- бастауыш сынып оқушысының практикалық қызметімен байланысы;
- эмоциялар мен жеделдік, кейіпкерлерге шынайы жанашырлық;
- сөйлеу формаларына емес, сөйлеу мазмұнына қызығушылықтың басым болуы;
- сөйлеудің көрнекі экспрессивті құралдарын дұрыс және толық түсіну жеткіліксіз;
- қабылдаудың репродуктивті (репродуктивті) деңгейлерінің басым болуы.

Оқу сапасын қалыптастыру процесінде үш кезең бөлінеді:

- Аналитикалық кезең;
- синтетикалық кезең;
- автоматтандыру кезеңі.

Оқу дағдысын қалыптастырудың бірінші кезеңінде бірлік әріп болып табылады. Жас оқырман алдымен әріптерді есте сақтайды және кейінірек әріптерді буындарға, ал буындарды сөздерге біріктіруді үйренеді. Сондықтан, осы кезеңде оқуды үйренудің негізгі қиындықтары әріптерді

есте сақтаумен, әріптерді буындарға біріктірумен, буындарды толыққанды сөздерге біріктірумен және оқылған мәтінді білумен байланысты. Оқуды үйренудің екінші кезеңінде буын болады. Бұл оқу дағдысын игеру жолындағы үлкен қадам. Айта кету керек, оқылған сөздер өз мағынасын санадан кейін ғана алады, яғни қабылдау мен хабардарлық арасында айтарлықтай алшақтық бар, бұл қателіктердің үлкен өсуіне әкеледі. Синтетикалық оқу кезеңі де әрқашан біркелкі бола бермейді. Қабылдау процесінде синтез толығымен жеткіліксіз қалыптасуымен сипатталады, өйткені мәтінді, сөйлемдерді, сөз тіркестерін тұтас түсіну қиынға соғады. Синтетикалық оқу кезеңінің негізгі көрінісі-мәтіннің графикалық бөліктерін олардың айтылуына сәйкес талдау және синтездеу әрекеттерін аяқтауға байланысты сөйлемдердің интонациялық байланысы. Айта кету керек, жоғарыда аталған үш кезеңнен басқа, өтпелі кезеңдер пайда болады: аналитикалық кезеңнен синтетикалық оқу кезеңіне, синтетикалық оқу кезеңінен автоматтандыру кезеңіне дейін. Өтпелі кезең аралас оқу әдістерімен сипатталады (мысалы, оқушы қарапайым сөздерді толығымен оқиды, ал күрделі сөздерді өз кезегінде буындар арқылы оқиды), сонымен қатар оқу қарқынының үдеуінің болмауы (қарқын өзгеріссіз немесе сәл төмендеуі мүмкін). Оқушыларда оқуды оқу қабілеті ретінде қалыптастыру үшін сіз бұл ерекшеліктерді назардан тыс қалдырмауыңыз керек. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерін ескеру маңызды. Алты-жеті жастағы балаларда логикалық ойлау әлі толық дамымаған, ол визуалды және тиімді, әртүрлі заттармен, сондай-ақ олардың орынбасарларымодельдерімен практикалық әрекетке сүйенуді талап етеді. Содан кейін біртіндеп ойлау визуалды-бейнелі сипатқа ие болады, соңында логикалық дерексіз ойлау пайда болады. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетін қалыптастырудың осы кезеңдері олардың оқу сипатына із қалдырады. Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда, тәрбиелеуде және дамытуда оқуды оқытудың маңыздылығын түсіне отырып, мұғалім әр сабақта оқу дағдыларының сапасын арттыру жолдарын іздеуі керек.

Мемлекеттік білім беру стандарттарының құжатында әдеби оқудың негізгі білім беру бағдарламасын игеру келесідей тұжырымдалған:

а) әдебиетті ұлттық және әлемдік мәдениеттің құбылысы, адамгершілік құндылықтар мен дәстүрлерді сақтау және беру құралы ретінде түсіну;

б) оқудың жеке даму үшін маңыздылығын түсіну; әлем, орыс тарихы мен мәдениеті туралы идеяларды, алғашқы этикалық идеяларды, жақсылық пен жамандық, адамгершілік ұғымдарын қалыптастыру; барлық оқу пәндері бойынша оқудың сәттілігі; жүйелі оқуға деген қажеттілікті қалыптастыру;

в) оқудың рөлін түсіну, оқудың әртүрлі түрлерін қолдану (таныстыру, зерттеу, іріктеу, іздеу); әртүрлі мәтіндердің мазмұны мен ерекшеліктерін саналы түрде қабылдау және бағалау, оларды талқылауға қатысу, кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне Моральдық баға беру және негіздеу мүмкіндігі;

г) білім беруді жалғастыру үшін қажетті оқу құзыреттілігінің деңгейіне қол жеткізу, жалпы сөйлеу дамуы, яғни дауыстап оқу техникасын, қарапайым әдеби тұжырымдамаларды қолдана отырып, көркем, ғылыми-танымал және оқу мәтіндерін түсіндірудің, талдаудың және түрлендірудің қарапайым әдістерін меңгеру;

д) қызықтыратын әдебиеттерді өз бетінше таңдай білу; түсіну және қосымша ақпарат алу үшін анықтамалық дереккөздерді пайдалану.

Осылайша, бастауыш сынып оқушылары білуі керек:

- Кітаптың не туралы жазылғанын титул парағы, мазмұны, иллюстрациялары бойынша түсіну;
- кейіпкерлердің іс-әрекеттерін түсіндіру және олардың іс-әрекеттеріне баға беру;
- оқылған мәтіннен бейнелі сөздер мен өрнектерді тауып, олардың мағыналарын түсіндіріңіз;
- оқиғалар тізбегін белгілеп, шағын көркем шығарманың жоспарын жасаңыз;

- Оқылған шығарманың мағынасын түсіндіру, оның мазмұны мен тақырыбын байланыстыра білу;

- шағын шығарманы егжей-тегжейлі айтып беріңіз;

- бастауыш сынып мұғалімінің жетекшілігімен жасалған жоспар бойынша көркем баяндау мәтінінің тұсаукесерін жазу (70-90 сөз);

- қысқа және ұзақ кідірістерді, сөздердегі логикалық стрессті, тонды жоғарылату мен төмендетуді қолдана отырып, поэзия мен прозаны мәнерлеп оқыңыз;

- бірнеше өлеңді жатқа оқу;

- саналы түрде, бейтаныс көркем мәтінді еркін оқу.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, қалыптасқан оқу дағдысы кем дегенде екі негізгі компонентті қамтиды:

- Бір жағынан олардың визуалды бейнелері мен акустикалық және сөйлеу қозғалтқыштары арасындағы байланысқа негізделген сөздерді дұрыс, жылдам қабылдау және айту-басқасымен;


- мәтіннің санасы (оның ниетін, мағынасын шығару).

Егер сіз оқу дағдысын дұрыс қалыптастырмасаңыз, түсіну процесі кетеді, механикалық оқу деп аталады. Н.Д. Молдова өз еңбектерінде былай деп жазды: "оқу сауаттылығын зерттеу бұл мәтінді түсіну процесін зерттеу, бастауыш сынып оқушыларының 50% - ы оқығандарын түсінбейді. Қазақстанда балалардың 40 % - дан 50% - на дейін оқуда қиындықтары жоқ бастауыш мектепті бітіреді". Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдері қазір оқушылардың қалай оқитынына, не оқитынына, қаншалықты жиі, қандай мақсатта оқығанынан нені түсінетініне және есте сақтайтынына алаңдайды.

Оқу мотиві әрқашан-қажеттілік. Бастапқы оқуды игере отырып, бастауыш сынып оқушысы оқу мотивін өзгертеді: ол сөзде қандай негізгі ой бар екенін түсінуге қызығушылық танытады. Оқу қалыптасқан сайын мотивтер күрделене түседі және оқушы белгілі бір нәрсені білу мақсатында оқиды; сонымен қатар күрделі қажеттіліктер пайда болады, мысалы, батырлардың іс-әрекеттерінің мотивтерін білу, оларға баға беру; мәтіндегі негізгі ойды табу және т.б.

Оқу сапасының қалыптасуында бастауыш сынып оқушыларының оқуға, оған қорытынды жасауға ұмтылысы маңызды орын алады. Мұғалім, мектеп, отбасы балаға кітаптың сиқырлы әлемін ашуға көмектесуі керек, оны ынталандырып, жігерлендіру қажет. Жас оқырманға кез-келген оң баға оқуға деген құштарлықты арттырады, танымдық қызығушылықты ынталандырады. Психологтар мен тәрбиешілер балаға тән негізгі құлшыныс "маңызды болуға деген ұмтылыс" дейді.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу қасиеттерін қалыптастыру үшін сабақтарда оқушылардың оқу жылдамдығын қалыптастыруға, оқудағы қателіктерді азайтуға, оқуды түсіну дағдыларын жақсартуға және оқудың экспрессивтілігін арттыруға көмектесетін жаттығуларды қолдануға болады.



Кітапқұмарлық сапасының қалыптасуының жеке деңгейлері бойынша топтастырылған жаттығулар кешені жоғары тиімділік көрсеткіштерін береді. Айта кету керек, жеке жұмыс арқылы балалар мұғалім мен сыныптастарының алдында ашылады, өз күштеріне сенеді және тікелей оқу іс-әрекетіне жататындығын сезінеді.

Әдеби оқу сабақтарында жаттығулар жиынтығын қолдану бастауыш сынып оқушыларының көру және есту қабілетін, зейінін, сөйлеуін, есте сақтау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. В.Г.Адмонин Сөйлеу формаларының кешені. Санкт-Петербург: Педагогика, 2017. 130 б.
2. В.Н.Аксенов Көркем сөз өнері. М.: Ағарту, 2022. 163 Б.
3. Б.Г. Ананьев Адам таным пәні ретінде. М.: ЛГУ, 2021. 341 Б.
4. Г.В.Артоболевский Көркем оқу: мұғалімдер мен көркемөнерпаздар жетекшілеріне арналған кітап. М.: Ағарту, 2016. 173 б.
5. О.А.Астафьева Балалар әдебиеті / / мәнерлеп оқу. - М.: Академия, 2017. 272 б.
6. Е.А.Брызгунова Интонациялық құралдар кешені. М.: Ағарту, 2017. 145 б.
7. М.С.Васильева Бастауыш сыныптарда оқуды оқытудың өзекті мәселелері. Санкт-Петербург: Педагогика, 2013. 105 Б.
8. М.П.Воюшина Көркем шығарманы талдау. М.: бастауыш мектеп, 2021. 114 Б.

Жалашев Нурдаулет Коптлеуович

Ақтөбе қаласы, ЖОББ «Смарт-Білім» мектеп-гимназиясының информатика пәні мұғалімі

АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Біздің өркениетті дамуымыздың барлық маңызды өмірлік салалары бүгінде ақпараттық технологиялармен және жасалымдармен тікелей байланысты. Заманауи ақпараттық қоғамның қалыптасуы мен дамуына үлес қосатын, оқу үрдісінде оқушылардың интернет желісіне қол жеткізудің спутниктік жүйелерін, шұғыл корпоративтік және кең жолақты байланыс, навигацияларды үйреніп отырғандығы жасырын емес.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі. Жас ұрпақты әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұның құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі. Мұғалімнің бағыттауымен бала білімді меңгеріп қана қоймай, оны өмірде, кез келген уақытта өз іс-тәжірибесінде тиімді қолдана білуі шарт.

Осыған орай информатиканы оқытудың негізгі мақсаты - әрбір оқушыға информатика ғылымы негіздерінің алғашқы фундаментальды білімін беру, оқушыларға осы білімді мектепте оқытылатын басқа ғылымдарының негіздерін түпкілікті және сапалы түрде меңгеруге қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру болып табылады

Қазіргі таңда оқытудың сан алуан тәсілдерін қолдана отырып, нәтижеге

бағытталған оқыту болады. Мұғалімнің сабақ алдында қоятын басты мақсаты – оқушыларды пәнге қызықтыратын терең, сапалы, тиянақты білім беру. Оған мұғалім тынымсыз іздену еңбегінің нәтижесінде ғана қол жеткізері хақ. Бұл жағдайда мен пәнге оқушыларды жалықтырмай қызығушылығын арттыру мақсатында сабақты түрлендіріп өткізуге назар аударамын. Әртүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану балалардың тілін дамытып , жан-жақты терең білім алуына жағдай жасап қана қоймай, оқушы бірде басқаға көмектессе, бірде басқаның көмегін өзі алады. Оқу білімді өз ізденісімен, өз білімділігімен алады, іскерлік дағдылары қалыптасады. Әрбір технология жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Осы тәсілдерді мұғалім іздену арқылы жетілдіре түседі. Қызықты сабақ болса оқушының сол пәнге қызығуы артып қана қоймай, мұғалім жаңалығы, ізденісі, қолданған әдісі арқылы ерекшеленіп, оқушы жүрегінен орын алады. Сын тұрғысынан ойлау жүйесі оқытуды жаңаша ұйымдастырудың негізгі міндеттерін: қызығушылықты ояту, мазмұнды ашу, рефлексия (ой-толғаныс) жүзеге асыруды қамтамасыз етіп оқушылар оқу үрдісін басқарысып қана қоймай, көбіне дербес басқаратын болады, жеке жұмыстың көлемі азайып, ұжымдық іс - әрекет білім игеруде орта қарым-қатынас құралына айналады, балалардың деңгейіне қарап сараланып, ерекшелігіне қарап дараланууы мұғалім емес, балалардың өз еркімен жүзеге аса бастайды.

Әрбір ұстаз алдындағы міндет -өзі оқытатын пәнінен көкірегінде сәуле бар, талантты шәкіртті тани біліп, оқушы дарынын ашып,оған бағыт-бағдар беріп, оны дамыта білу. Оларды баулып, қамқорлыққа алып тәрбиелеу -ортақ шара. Оқушы бойындағы дарынын қырағылықпен көре білу-мұғалім үшін аса қажетті қасиет. Ол үшін әр мұғалім өзі ізденіп, ерінбей еңбектеніп, баланың ерекше қабілеттерін байқауда күнделікті сабақта, тәрбие жұмысында, үйірме жұмысында оқушыны үзбей бақылап, бала бойындағы дарындылықты немесе жүйелі білім алуға қабілетті тұлғаны анықтайды. Сол тұлғаның пәнге деген қызығушылығын туғызып, танымдық іс-әрекетті қалыптастыру үшін интерактивті оқыту үрдісін пайдалану қажет. Интерактивтік оқыту – бұл, ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Олай болса, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Сондықтан сабақ барысында оқушылардың өзара қарым-қатынасын және шығармашылығын арттыру үшін интерактивті әдістің ролі ерекше деп ойлаймын.

Себебі информатика сабағын оқытуда интерактивті әдістерді қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады, өздігінен оқу ынтасын дамытады, ұжыммен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады, қарым-қатынас дағдысын қалыпастырады және дамытады, ал ең бастысы оқуға деген белсенділікті көтереді.

Интерактивтік оқытудың тиімділігі сол, сыныптағы барлық оқушы қамтылады, олар өздерінің білетін және ойлайтын нәрселері арқылы түсінуге және қарсы әсер етуге мүмкіндік алады. Оқу материалын игеруде, оқушылардың біріккен әрекеттері мынаны білдіреді; әр оқушы өзіне тән ерекше еңбегін сіңіреді, білім, идея, әрекет ету тәсілдерін алмасу үздіксіз жүреді. Сонымен қатар, мұнда өзара қолдау және бір-біріне деген жанашырлық қалыптасады. Информатика сабағын жүргізуде дидактикалық тапсырмаларға сәйкес әдістерді таңдау өте маңызды.

Сабақта қолданылып жүрген рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, пікір-талас, оқушылардың баяндамалары мен ақпараттық хабарлары, дәріс, диалог, тренинг, ұжымдық-танымдық оқу, иммитация әдістері осы жоғары белсенділікті дамыту әдісінің белгілері болып табылады.

Интербелсенді әдістер өте көп. Мен өз сабақтарымда қолданатын әдістерге тоқталып кететін болсам:

«Ми шабуылы»– бұл әдіс, берілген сұраққа кез-келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек.

«Миға шабуыл» әдісі информатика пәнін оқытуда қолдануда өте маңызды. Себебі, бұл әдісті оқытуда қолданудың нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады, шығарашылық қабілеті дамиды, өзара қарым-қатынас деңгейі артады. Оқушыларға “Карусель” деп аталатын жұмыс түрі қатты ұнайды:

Екі сақина жасалады. Ішкі және сыртқы сақиналар. Ішкі сақина - бұл қозғалмай отырған оқушылар. Сыртқы сақинада – оқушылар ауысып тұрады және ішкі сақинадағыларға сұрақтар қояды.. Бұл әдісті бір тарауды қайталау бойынша пайдаланған қолайлы.

Мысалы «Ms Word» тарауын қайталау барысында, сыртқы сақина сұрақтар қояды, ал ишкі сақина оқушылары сұраққа жауап беріп ноутбуктан көрсетіп отырады. Осы әдіс арқылы әрбір оқушының тақырыпты қаншалықты меңгергендігі айқын көрінеді.

Сондай-ақ мен сабақтарымда мәтіннен алған түсінігін қорыту, өмірмен байланыстыру, дәлелдеуді қажет ететін «Фишбоун» әдісін жиі пайдаланамын. Оқушылар берілген балық қаңқасына қара сөзбен проблеманы, оның туындау себептерін анықтайды, дәлелдерін келтіреді, қорытынды жасайды.

Мысалы «Интернет желісі» тақырыбында оқушыларға проблеманы анықтау және оны шешу жолдары деген тапсырма беріледі. Оқушылар өз ойларын күнделікті өмірмен байланыстырып, жан-жақты жауап береді.

ББББ стратегиясын сабақта пайдаланудың маңызы зор.

Мысалы Ms Excel тақырыбында сабақ басында кестенің «Білемін» бөліміне Ms Word тарауы бойынша өткен кесте туралы білетіндерін жазса, «Білдім» бөліміне Ms Excel бойынша алған білімдерін жазады, ал «Білгім келеді» бөліміне болашақта уйренгісі келеді сұрақтарды жазады.

«Қораптағы тапсырмалар» әдісін практикалық сабақтарда пайдалануға болады. Қорапқа қағазға жазылған әртүрлі тапсырмалар салынады. Оқушылар өздері алған тапсырмаларды компьютерде орындайды.

Сабақтың жаңа тақырыпты түсіну бөлімінде «Кластер» әдісін пайдалану тиімді. Бұл тапсырма шағын топтарда орындалады, оқушылар бірігіп жұмыс жасайды. Оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді.

Сонымен бірге мен сабақтарымда рөлдік ойындарды пайдаланамын.


Мысалы «Компьютерлік құрылғылар» тақырыбында оқушыларға принтер, сканер, колонка, камера, флешка кейіпіне ену тапсырмасы беріледі. Бұл әдіс оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытады және сөздік қорын арттырады.


Жубаниязова Маруа Муратовна
педагог-сарапшы

ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ/ АСТАНА ҚАЛАСЫНА САЯХАТ

БҚО,
Ақсай қаласы
№4 ЖОББМ
бастауыщ класс
мұғалімі

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.5.1.1**есепті сызба, сурет, қысқаша жазба түрінде модельдеу/есепті шешу үшін тірек сызбасын таңдау; 1.5.1.5 қосу мен азайтудың белгісіз компоненттерін табуға берілген есептерді талдау және шығару, кері есептер құрастыру және шығару.
Сабақтың мақсаты	Есептерді талдап, шығара алады; қосу мен азайтудың белгісіз компоненттерін таба алады;

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Ұйымдастыру кезеңі: Балаларды саяхат жасауға шақырады. Астанаға ұшу билетіндегі тапсырманы орындайды. Оқулықтағы №2 тапсырма. Жеке жұмыс. 	Ұшу билеттеріндегі тапсырманы орындайды. Ондағы белгісіз компоненттерді жазады. 6+3=9/5+5=10 Ережені еске түсіреді: Белгісіз қосылғышты табу үшін қосындының мәнінен белгілі қосылғышты азайтады.	Мадақтау сөздері Билеттің бағасы. 10теңге	Ұшу билеттері
Сабақтың ортасы 25-30 мин	Астанаға саяхат жасатады. Алдымен бейнежазба көрсетеді. 1 тапсырма. Жұптық Жұмыс. «Ақ орда» аялдамасы Ойлау дағдысы: қолдану Берілген қима қағазға есептің шартын жазып, сызбасын толықтырады. Сызба арқылы көрсетеді. 	Астана туралы бейнежазба тамашалайды. Есептің шартын сызба арқылы сызады. Шешуі мен жауабын жазады. Астана – 5 мектеп Облыста – 3 мектеп Барлығы - ? мектеп Шешуі: 5 + 3 Жауабы: барлығы – 8 мектеп салынды.	Дескриптор -сызбаны толықтырады -есептің шартын жазады; -есептің шешуін және жауабын жазады; Әр тапсырма сайын бір ғимаратқа кіру билетін алып отырады.	https://youtu.be/DlV52I1VZBU Оқулық, қима қағаздар 
	Гүлзарға саяхат. Тақтамен жұмыс. Астананың саябақтарына саяхат. Ойлау дағдысы: талдау.	Дайын есептің шарты мен сызбасын	Дескриптор	Оқулық, дәптер.

		пайдаланып, шешуі мен жауабын орындайды. Есепті талдайды. 	-кері есеп шығарады.	Слайд
	Сергіту сәті: «Пирамидаға» саяхат. №4 саяхаттағы суреттеріне арнап жақтау жасаймыз. Бір жақтауға неше см ағаш кетеді?	Ермексаздан жақтау жасайды. Ұзындығын есептейді. 20+20+10+10=60	Мадақтау сөдер, кіру билеті	ермекс аз
	Зерттеу тапсырмасы. №5 «Бәйтерекке» саяхат. Мұғалім топтарға үйлердің иесін табуды ұсынады. Қай топ бірінші тапса, сол топтың макетіне осы үш үй орналасатынын айтады. жеңімпаз топ сол топ болатынын айтады. 	Зерттеу тапсырмасын орындайды. Үш үйде қандай фигуралар тұратынын анықтайды.	Дескриптор - логикалық тапсырма орындайды.	 Оқулық
Қорытынды	Wordwall бағдарламасы бойынша тест тапсырмаларын орындау. 1.Астанада 10 саябақ және 20 ойын-сауық орталығы бар. Астанада барлығы қанша демалыс орны бар? 2. Асан 10 күнге Астанаға демалуға барды. Ол 5 күн қыдырды? Асанда әлі қанша күн қалды? 3. Сержан Астанадан достарына 40 сыйлық алды. Ол 30 сыйлықтв достарына таратып берді. Сержанда қанша сыйлық қалды? 	Бәйтерекке аттары жазылған қағазға орналастырады. Оқушылар сабақ бойы жинаған билет құндарын есептейді.		

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЗАМАНАУИ ҚОЛӨНЕР НЕГІЗІНДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жумагалиева Аигуль Исаевна

Ақтөбе қаласы №51 гимназиясының музыка пәнінің мұғалімі

Жимбаева Бакытнур Кайнуллаевана

Ақтөбе қаласы №51 гимназиясының музыка пәнінің мұғалімі

Қазақстан Аңдатпа. Мақалада болашақ мұғалімдердің заманауи қолөнер негізінде ұлттық құндылықтарын қалыптастыру, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу, жас маман санасына туған халқына деген құрмет, ұлттық рухын дамыту жолдары қарастырылған. Түйін сөздер: ұлттық құндылық,рухани мәдениет,қабілет, қалыптастыру,болашақ маман. Аннотация. В статье рассматриваются формирование национальных ценностей на основе современного прикладного искусства, воспитание личности способныхвывести национальные ценности на мировой уровень,уважениек родному народу в сознаниимолодого специалиста,пути развития национального духа. Ключевые слова: национальная ценность, духовная культура, способности, формирование, будущий специалист. Annotation. The article discusses the formation of national values on the basis of modern applied art, education of the individual capable of leading national values to the world level,respect for the native people in the minds of the young specialist, the development of the national spirit. Key words: national value, spiritual culture, ability, formation, future specialist. Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жырлары, әдет- ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады. Біз өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды қалай сақтап жүрміз дейтін болсақ, өкінішке қарай, өте нашар сақтап жүрміз. Кеңес кезінде көптеген ұлттық құндылығымызды «ескінің қалдығы» деген сылтаумен көзін құртпақ болды. Сөйтіп ұлттың өзін жоюға тырысты. Егеменді ел болғаннан бері ұлтжанды азаматтар ұлттық құндылығымызды қалпына келтіруге ниеттенуде. Бірақ, биліктің ұлттық құндылықтарға деген немқұрайлылығы көп жағдайда кедергі келтіруде. «Нарықтық қатынас, әлемдік қауымдастыққа кірігу» деген сылтаумен ұлттық құндылыққа көңіл нашар бөлінуде. Қазір жалпы ұлттық мүддеге қарағанда, әркім өзінің жеке қара басын көбірек ойлайды. Материялдық құндылықтар алдыға шығып тұрған заманда ұлттық құндылықтар көп ескерілмей қалып жатыр. Ұлттық құндылықтарды әр ұлттың ата-бабалары өздерінің өмір сүру салтына байланысты шығарып, пайдаланып, дамытып ұрпақтарына мұра етіп қалдырып отырған. Сондықтан ұлттық құндылықтар сол ұлттың меншігі болып есептеледі. Оны әр ұлттың ұрпақтары сақтап, заманына қарай дамытып отырулары керек. Егер халық өздерінің ұлттық құндылықтарын жоғалтып алса, ол халық – «ұлт» деп

саналмайды. Сондықтан әр ұлт өздерінің ұлттық құндылықтарын сақтауға тырысады, әрі қорғайды. Қазақ халқы да өзінің ұлттық құндылықтарын сақтауы керек. Италияның жиһанкез кәсіпкері Реналью Гаспирин: «Мен әлемнің 141 елін аралаған адаммын. Солардың ішінде өз мемлекетінде, өз тілінде өмір сүре алмай отырған бейшара халықты көрдім. Ол – Қазақстан халқы екен», – депті. Егер өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды жоғалтып алсақ, XXII ғасырда біреулер, «Қазақ деген өздерінің ұлттық құндылығы жоқ, бейшара халық екен» деуі мүмкін. Сөйтіп ұлт ретінде бізді әлем мойындамайтын болады. Ұлттық құндылықтар ғасырдан ғасырға жалғасқан, өмірдің сынынан өткен, пайдалы екені дәлелденген. Қазіргі таңда қоғамның әлеуметтік сұранысының негізі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру Бұл жеке тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін іс-әрекет түрлері арқылы іске асады. «Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде барлығы үшін, тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашан да қарыздармыз», – деп елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай, біздің алдымызда «бабаларының игі дәстүрін сақтайтын», «күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы өз елінің патриоттары» болатын ұрпақ тәрбиелеу міндеттері жатыр. Отаншылдық сезім – ұлт рухының деңгейінің айнасы, өлшемі. «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген екен дана халқымыз. Сондықтан да, сан ғасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды оқу-тәрбие процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, ұлтшылдық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын, бойында ұлттық санасы қалыптасқан тұлғаларды тәрбиелеп шығару – жалпы ұлттың алдында тұрған ұлы міндет болып 148 отыр. Қандай да бір елдің рухани мәдениеті, әдебиеті мен өнері, ғылым мен техникасы, әлеуметтік жағдайы, материалдық өндірісінің ең маңызды жетістіктері тәрбиесінен көрінуі арқылы оның ұлттық құндылықтарының мәніне ие болады және өскелең ұрпақтың азаматтығы мен отаншылдықты, руханиадамгершілік жан-дүниесі қалыптасуына белсенді түрде ықпал етеді. Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, моральдық нормалары, ұлттық құндылықтары бар. Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтардың әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше екені белгілі. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізі ғасырлар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен моралдық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір–салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шыңдалып қалыптасты. Сол сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің негіздерін бір арнаға түсіріп тәрбие мәселесінде пайдалану бүгінгі таңда күн тәртібінде тұрған ең басты қажеттілік деп білемін. Ұлттық отаншылдықты қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Осы жерде қазақ халқының ұлы ақыны, ғалым М. Жұмабаевтың мына сөзі ойға оралады: «Ұлт тәрбиесі – баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Және әр ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті». Бала тәрбиесінің ұлттық сипатта болуына ерекше мән беру керектігін атап өтеді. Ал ұлттық сипат – сол ұлт тарихының таңбасы. Қазақтың ұлттық құндылықтарын

жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Қазақи рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында ұлттық құндылықтардың маңызы зор. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу ұлттық идеяның негізгі бағыты болып табылады. Ұлттық идея – қазақ халқы тудырған моральдық нормаларда және ұлттық құндылықтарда бекітілген патриоттық тәжірибені меңгеру, ұлттық этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тану, тарихты құрметтеу арқылы іске асырылады. Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері Амангелді Айталы «Ұлттың рухани мұралары мен дәстүрлерін, қаһармандық ерлік салтын қастерлеу – ұлттық идеяның басты көзі болады, оның дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік дербестігін нығайтады» - деп келтіреді. “Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қайтып алмақ” – деген тұжырым жасаған қазақ халқының ұлы ақыны ғалым М. Жұмабаев. Бүгінгі жас ұрпақты бала шақтан, яғни ерте жастан ұлт құндылықтарына сүйене отырып тәрбие жүргізу керек. Тәрбие ісі – мемлекеттік іс. Өйткені бүгінгі дұрыс тәрбие – болашақтағы жақсы елдікті танытар азаматтардың өсетінін танытады. Сол себептен де Елбасы өзінің мақаласында «Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс» – деп ой қорытады. Бүгінгі күн тұрғысынан қарайтын болсақ, егемен елдің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың бойына жастайынан ата-бабаларымыз негізін салған ерлік рухты, отаншылдық сезімді сіңіру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып отыр. Ұлттық сезім мен ұлттық намыс, ұлттық рухты көтеру – бүгінгі таңның кезек күттірмес міндеті деп білемін. Яғни елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәрбие саласында жұмыс жасау басты міндетіміз. Ұлтымыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды»-деген болатын. Ұлттық құндылықтар – ұлттық идеяның негізгі өзегі, ұлт қалыптасуының басты факторларының бірі. Осы ұлттық идеяны іске асыратын басты фактор мемлекет болып табылады. Сондықтан да осы мемлекеттік іске салғырт қарамай ұлттық идеяның негізгі бағыттарының тетіктерін жасау қажет. Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген сезім. Ол – ұлттың болмысы, психологиялық өзіндік ерекшелігі. Ал, осы ұлттық идеологиямыз әлсіз болса барлық салаға өзінің кері ықпалын тигізетіні шүбәсіз. Отаншылдық міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсетеді, өйткені, оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғамға, ел жұртқа, халыққа қызмет ету үшін биік серпін болып табылады. Осы себепті, күрделі рухани және саяси-әлеуметтік 149 құбылыс ретіндегі қазақстандық патриотизм Отанды қорғау, нығайту және гүлдендіру жолында онымен ажырамас тұтастығын саналы түрде ұғынатын тұлғаның руханилығы, азаматтығы және саяси-әлеуметтік белсенділігінің бірлігі болып табылады. Ал, бұл кез-келген мемлекеттің түбірлі саяси міндеті екендігі белгілі. Отаншылдыққа тәрбиелеудің негізгі көздеген мақсаты – өзінің бай тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты еңбекке, өнер-білім машықтарын меңгеруге, отбасын, туған өлкесін, отанын сүюге, ар-намысын қорғауға, және т.б. ізгі адамгершілік қасиеттерге баулу. Оның

басты қағидасы Отанға, өзінің халқына, Атамекеніне деген сүйіспеншілік болып табылады. Бұл өз еңбегімен, жанкешті ерліктерімен елінің беделін арттырып, халқының абыройын асыратын қазақстандық азаматтардың күнделікті өмірінде пайда болады. Ол Отан мен Қазақстан халқына қауіп төнген сындарлы жағдайларда, әсіресе, айшықты әрі қарқынды түрде туындайды. Күнделікті тіршілікте ол азаматтардың өндірістегі, ғылымдағы, өнердегі, спорттағы, сондай-ақ, жауынгерлерді туған өлкені батыл қорғауға, өз халқының, елінің, Атамекенінің егемендігін, «құрмет көрсетіліп, қастерленуі» тиіс шекарамыздың бұзылмауын, қоғамдық құрылыстың мызғымастығын қамтамасыз етуге даярлайтын әскери қызметтегі жасампаз еңбегінен көрінеді. «Ежелден ел тілегі – ер тілегі, адал ұл ер боп туса – ел тірегі» демекші әр баланың бойында адамгершілік, батылдық, шыдамдылық, төзімділік қасиеттерін дамытып, жеке тұлғаны қалыптастыруға үлес қосу болып табылады. Жас ұрпақты аға ұрпақтың лайықты мұрагері болу үшін жастарға халқымыздың Отан мүддесі жолында жасаған ерлік істерінің ұлылығын жете түсіндіре отыруымыз қажет. Осы жерде еліміздің тарихы жетекші орын алады. Қазақ елінің тарихын насихаттап, өскелең ұрпақты ұлтжанды етіп тәрбиелейтін, әрқашан мемлекеттік мүддені көздеп, мемлекеттік тәуелсіздігіміздің мәңгі баянды болуын насихаттау жолында аянбай еңбек етуіміз керек. Тарихты оқу арқылы отаншылдыққа, өз халқына, басқа халықтарға деген сүйіспеншілікке, жауынгерлікке, еңбек сүйгіштікке, Отаны үшін кез келген қиындыққа әзір тұруға, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастыққа, қоғам үшін, халық үшін, елі үшін қызмет етуге дайын болуға, адалдыққа, шыншылдыққа, тазалыққа, қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке, өз мүддесін халық, Отан мүддесінен жоғары қою сияқты қасиеттерге тәрбиеленеді. Ал, мектептегі тарих сабақтарында ерлікке, жауынгерлікке тәрбиелеу күрделі міндет. Осы жерде ержүрек батырлар мен қолбасшылардың қаһармандығын, ерлігін көрсеткен шайқастары туралы толық нақтыланған материалдар болуы тиіс. «Атамекен, туған жер» ұғымы – әрдайым қастерлі де қасиетті ұғым. Бұл қасиеттер ұрпақ бойына оқумен, біліммен, үйренумен, талпынумен бітеді. Халық батыры Бауыржан Момышұлы былай деген екен: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық деген, ерлік деген ұрпақтан ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек. Өткенін білмеген, тәлім – тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы – тұл, келешегі тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы – батыр халық». Қазақ халқын құрып кету қаупінен сақтап қалған, жерін жауға бермей, ұлан байтақ өлкесін қазақ еліне мәңгі қоныс ету мақсатында жарғақ құлағы жастыққа тимей, елім деп еңіреп өткен хас батырлар қаншама десеңізші! Бұлардың ерлігі кейінгі ұрпаққа қашан да болса өнеге болмақ. Халқымыздың ауыз әдебиеті шығармашылығы ұрпақ тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосты және әлі де үлес қосып келеді. Сол бай құндылықтардың ішінде, отаншылдықты дәріптейтін мұра - батырлар жыры. Отанын сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Алпамыс тұлғалары. Елін, жерін сырт жаулардан қорғаған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сияқты мыңдаған қазақ батырларына арналған көптеген дастандар, өз халқының мүддесі, арман-тілегі, туған жері үшін жан аямаған батырларға деген халықтың сүйіспеншілігі, азаматтарының рухани жан дүниесінің беріктігі, ерлігі мен отаншылдық қасиетін баяндайтын асыл қазыналары, ақын - жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүюге шақырған өлең жырлары, шешендік сөздері оқушыларының бойында отаншылдық сезімді қалыптастыруда маңызы өте зор. Отансүйгіштік рух –тәуелсіз еліміздің әлемдік өркениет көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орнын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш. Осы жерде жас ұрпақ ең басты

отбасында асқақ отансүйгіштік сезімге тәрбиеленуі тиіс. Ұлы Абай: «Бала мінез үш алуан адамнан жұғады: біріншісі - ата – анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан» - деген екен. Отансүйгіштік сезімнің қалыптасуына ата-ана, ауыл аймағының ықпалы зор. «Отан отбасынан басталады»-дейді дана халқымыз, отанды сүю – отбасынан басталатыны рас. Сондықтан да бала тәрбиесінде шешуші факторы – отбасы. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады. Бала тәрбиесі баршаға ортақ іс. Оған көпшілік қоғам болып жұмылу, парасаттылық пен байсалдылық керек. Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрі мен тағылымдарын, мәдениет тарихын, бұрын-соңғы ұлы ойшыл педагогтардың еңбектерін оқып жетік білмей, оны жақсы меңгермей тұрып келер буынға дұрыс тәрбие-тағылым беру мүмкін емес. Себебі, өткенді жақсы білмейінше келешекке сапар шегу, Л.Толстой айтқандай, айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеп шатасумен пара-пар. Жас ұрпақты 150 тәрбиелеуде ата – бабамыздан келе жатқан ұлттық тәрбие үлгісін ұғындырып, мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – бұл қазіргі таңда өмір талабы және қоғам қажеттілігі. Ойымның қорытындысын, Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деген сөзімен аяқтағым келіп отыр. Сондықтан ел болып, жұрт болып ұрпақ тәрбиесін қолға алу басты шаруа. Тәрбие беруде ұлттық құндылықтарымыз арқылы жол көрсетер болсақ, жастарымыз қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени өзгерістеріне жоғары мәдениетті деңгейде бейімделе алады деп айта аламын. Бүгінгі таңда XXI ғасырда келешек ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім берудің басым бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселе болып отыр. Болашақ мұғалімдерге тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары. Сондықтан болашақ мұғалімдердің заманауи қолөнер негізінде ұлттық құндылықтарын қалыптастыру керек. Жас маманға ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлары идеялары еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» халыққа жолдауында былай деп жазылған «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзгедүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн» \3\ Олай болсаболашақ мамандарды ұлттық игіліктер мен азаматтық құндылықтар, рухани мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып даярлау. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін; -мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, -жас маман санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту, мәдениетін өнерін, салт-дәстүрін тарихи мұраларды қастерлеу сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз. Сонда ғана Елбасының өзінің Қазақстан халқына жолдауында: «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін,бәсекеге қабілетті экономика үшін,бәсекеге қабілетті халық үшін»және «Ұлттық бәсеклестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады»-деп өткен сенімін ақтауға болады.\3\ Болашақмұғалімдерді дайындау жүйесіне Қазақстанның көркем мәдениет мұраларын оқу тәрбие жүйесінде қолдану. Қазақстанның көркем мәдениетінің материалдарын оқу-тәрбие ісінде қолданудың мақсаты болашақ мамандарға қазақ халқының ұлттық қолөнерінің тарихынан, бейнелеу өнерінен, деректі мәліметтер білу. Болашақ мұғалімдерге халықтың көркем мәдениетінің озық үлгілерімен,ғалымдарымен,өнер шеберлері өмірімен болашақ мамандарды таныстыру үшін,мамандар дайындау жүйесінде лекциялар оқылып, семинар сабақтары өткізіледі. Лекция мен практикалық әдістер мазмұнын құрайтын материалдар болашақ мұғалімдердің ұлттық құндылықтарын қалыптастыру мақсатында көздейді. Қолөнер-халқымыздың ұлттық мұрасы. Қазақтың ұлттық қолданбалы өнер тарихы көшпелі өмірдің салт-дәстүрімен тығыз

Основная задача непосредственно исследовательского проекта - сконструировать и реализовать педагогические ситуации, стимулирующие развитие мышления/исторического мышления у целевой аудитории. Поскольку участие в исследовательском проекте предполагает командную работу, то не менее значимая задача - содействовать формированию у обучающихся soft skills (коммуникативных и управленческих навыков: работать в команде, принимать решения, проводить переговоры, убеждать, понимать собеседника, проводить презентацию и др.) [6].

В качестве средств развития исторического мышления выступают сконструированные педагогические ситуации разных видов:

- педагогические ситуации соревнования и соперничества;
- педагогические ситуации помощи и взаимопомощи;
- педагогические ситуации самооценки и взаимооценки;
- педагогические ситуации стимулирования и др.

В качестве механизмов развития логического исторического мышления понимается выполнение обучающимися в ходе командной и индивидуальной работы соответствующих педагогическим ситуациям заданий на историческом материале и способствующих развитию логического исторического мышления.

При условии правильного выполнения задания команда получает артефакт(-ы), позволяющие ей выполнить итоговое задание, основанное на воображении и ассоциациях и направленное на моделирование исторической реальности - создать и презентовать историческую инсценировку, что способствует формированию образного исторического мышления.

Этапы и формы реализации исследовательского проекта на этапе апробации:

1. На вводном этапе реализовано знакомство с целевой аудиторией, совместное целеполагание, обозначение конечного образовательного продукта, который создадут команды в итоге - исторической инсценировки одного и того же исторического события, на выполнение которой направлены все задания.

2. На подготовительном этапе осуществлен входной контроль, выполнение целевой аудиторией электронного экспресс-теста на уровне «Познание» таксономии Б. Блума и последующее автоматическое распределение по командам, состав которых включает участников с разным запасом знаний.

3. Основной этап предполагал организацию командной работы целевой аудитории. Команды последовательно помещаются в спроектированные педагогические ситуации и выполняют задания, направленные на развитие исторического мышления и соответствующие уровням таксономии Б. Блума (понимание, применение, анализ, синтез, оценка). В качестве внешнего стимула используются артефакты-подсказки. Данный этап завершается «встречей экспертов». Пока эксперты совещаются, остальные участники команды создают атрибуты для исторической инсценировки.

4. На презентационном этапе команды демонстрируют созданную историческую инсценировку, используя имеющиеся атрибуты. Организаторы проекта представляют свою версию исторической инсценировки («живое» выступление или видео).

5. На оценочно-рефлексивном этапе проводится повторный электронный тест,

созданный в соответствии с уровнями мыслительной деятельности по таксономии Б. Блума, командам предлагаются рефлексивные задания, направленные на самооценку и взаимооценку результатов деятельности.

Для воплощения проекта требуется доступное и имеющееся в образовательной организации техническое оборудование: компьютер с доступом в интернет, проектор, а также расходные материалы для изготовления атрибутов. В числе требований к кадровому обеспечению проекта - владение педагогами технологиями деятельностной педагогики.

Условиями успешности проектной технологии являются:

- четкость и конкретность постановки цели проекта;
- определение планируемых результатов;
- констатация исходных данных.

Суть проектной методики заключается в том, что ученик сам должен активно участвовать в получении знаний. Проектная технология – это практические творческие задания, требующие от учащихся их применение для решения проблемных заданий, знания материала на данный исторический этап. Являясь исследовательским методом, она учит анализировать конкретную историческую проблему или задачу, создавшуюся на определенном этапе развития общества. Овладевая культурой проектирования, школьник приучается творчески мыслить, прогнозировать возможные варианты решения стоящих перед ним задач. Таким образом, проектная методика:

- характеризуется высокой коммуникативностью;
- предполагает выражение учащимся своего собственного мнения, чувств, активное включение в реальную деятельность;
- особая форма организации коммуникативно-познавательной деятельности школьников на уроке истории;
- основана на цикличной организации учебного процесса.

Таким образом, проектный метод в образовательном процессе часто рассматривается как некая альтернатива классно-урочной системе. Современный проект учащегося – это дидактическое средство активизации познавательной деятельности, развития креативности и одновременно формирования определенных личностных качеств. Метод проектов – педагогическая технология, цель которой ориентирует не на интеграцию фактических знаний, а на их применение и приобретение новых знаний (порой и путем самообразования) для активного включения в освоение новых способов человеческой деятельности.

Список литературы

1. Клименко А.В., Подколозина О.А. Проектная деятельность учащихся // Преподавание истории и обществознания в школе. – 2002. - № 9. – С. 35- 42 с.

2. Новикова Т.Д. Проектные технологии на уроках и во внеурочной деятельности // Народное образование. – 2000. - № 7. – 15-11 с.

3. Historical Thinking Skills | AHA. (n.d.). Historical Thinking Skills | AHA. https://clck.ru/34PW5E

4. Каспржак А.Г, Логинова О.Б, Поливанова К. Н. Стандарт образования: история разработки и итоги // Вопросы образования. – 2004. - № 3. - С. 31

5. Пенъковских Е.А. Об истории вопроса метода проектов в отечественной и зарубежной педагогической теории и практике // Вестник ЧГПУ. - 2006. - №5. - Ч. 3. - С. 55-56

6. Полат Е.С. Метод проектов: типология и структура // Лицейское и гимназическое образование.- 2002. - №9.- С. 9-17

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



Омарова Айнара Сәндібекқызы

ОТБАСЫ – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ

Ақтөбе қаласы, Ә.Ермеков атындағы №23 орта мектеп лицейі КММ әлеуметтік педагог

Адамның адамшылдығы – ақыл,
ғылым, жақсы ата,
жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы
ұстаздан болады.
Абай

Отбасы – адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі.

Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алар емес. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» - деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын айқындатып тұр емес пе?

Отбасы мүшелерінің жас шамасы әр түрлі болса да, олардың арасында бір-бірімен рухани жақындығы, мақсат ынтымақтастығы бар.

Атақты қазақ ақыны Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде: Отбасы – шағын мемлекет, Мен – президент, сен – премьер, дегені бар. Шынында, отбасы – ол да бір шағын мемлекет. Әр мемлекеттің өзіне тән өндірісі мен өнім бөлісі, сыртқы және ішкі саясаты, кіріс – шығыс бюджеті, қастерлеп ұстанатын рәміздері, т.б. болатыны сияқты, әр отбасы болмыс-тіршілігінің де соған ұқсас жақтары бар, оның жаратылысы да басшылық пен қосшылықты қажет етеді. Сондықтан отбасының құрылымына зор маңыз беріліп, мәнін қорғаған, отбасының ар-намысын сақтауға, сырын шашпауға, мүшелерін бір-біріне қатысты адалдыққа тәрбиелеген. «Отан отбасынан басталады» деген сөздің мәнісі де осында.

Ата-ана өз отбасын нығайта отырып, сонымен бірге оның балағатқа толған мүшелерін үй болуға, өз шаңырағын көтеруге әзірлеуі басты әрі өте жауапты міндет болып саналады. Жас отаудың түтіні түзу шығып, махаббат пен тату-тәттілік, береке-бірлік орын тепкен жылы ұяға айналуы, босағасы берік, болашағы нұрлы болуы көбіне-көп жас жұбайлардың үлкен үйде алған тәрбиесі, көрген өнегесіне байланысты.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда, соны ілерсің», «Анасына қарап, қызын ал», - - деп, халық бәрін бастан кешіп, сынақтан өткізгендіктен айтқан.

Хан ордасы, салтанатты сарайларда талай күн аунап-қунап жатып, өзінің шұрқ тесік құрым киіз лашығына қайтып оралғанда Жиренше шешен: «Айхай, менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім», - деп жаны жай тапқан екен. Бұл аңызда үлкен шындық, терең мән бар. Әркімге, оның ішінде балаға өз үйінен ыстық, өз үйінен кең де керемет мекен жер жүзінде жоқ. Кавказ халықтарында «Нағыз жайлы орын: қылышқа – қынабы, отқа – ошағы, ер жігітке – өз үйі» - деген тамаша нақыл бар.

Адалдық пен мейірімділік, жауапкершілік пен кешірімділік те отбасында шын ықылас-пейілменен баланың көкірегінде орын тебеді.

Қазақ отбасында әуелі әке, содан кейін шеше, бұлар – жаңұя мектебінің ұстаздары болады. Әке мен шешенің баласына қоятын ең бірінші басты талап-тілектері - баланың «әдепті бала» болып өсуі.

Сондықтан қазақ жанұясы әрдайым: « Әдепті бол, тәрбиесіздік етпе, көргенсіз болма» деген сияқты сөздерді балаларының құлағына құйып өсірген.

Қазақ отбасында өз баласын мейірімділікке, имандылыққа баулып өсірген. Үнемі жанұясында осылай тәрбие көрген бала ақырында, өздігінен тіл алғыш, адал, тиянақты, ұқыпты болып шыға келеді.

Тәрбие басы әдептілік деп білген ата-ана әуелі баласына өздерін сыйлап-құрметтеуді, өзгелерге, әсіресе үлкендерге, сыпайылық танытуды, ешкімді мұқатпауды үйреткен. Сонымен қатар, балаларының ер-азамат болып, халқына еңбек етулерін басты міндет етіп қойған.

Отбасының ұйытқысы, берекесі, мейір-шапағат көзі – әйел. Әйелдің бұл рөлі отағасының жамағатына, бала-шағаның анаға деген сүйіспеншілігімен, қамқорлығымен, ана жанын қас-қабағынан, жанарынан танығыштықпен нығая, биіктей береді. Әрине, әйел де өзінің аналық борышын ұмытпағанда, әсіресе, ерімен қабағы жарасып, тату – сүйіспеншілікте тұрғанда мәртебесі арта түспек.

Әйелдің еріне қарым-қатынасы балалардың әкеге көзқарасының сипатын анықтайтыны берік есте болуға тиіс. Мұның өзі, бір жағынан, үй ішіндегі әдептің бастау көзі екені анық. Демек, балалар үшін әке беделі аналарының сөзі, іс-қимылы, қас-қабағы арқылы қалыптасады. Мысалы, ерлі-зайыптылар балалар көзінше бір-біріне қатты, балағат сөздер айтыспақ түгіл, дауыс көтеріп, керісуге тиіс емес. Олай еткенде, өз беделдерін жоғалтудың, бала -шағаның жүрегін шошытып, зәресін ұшырудың үстіне, олардың жанына кейін өздері үй болғанда, алдарынан шығатын жаман әдеттің ұрығын егеді.

Бұл жағынан аналардың балаларға: «әкеңмен ақылдас», “әкең біледі», «әкеңнің айтқанын істе» т.б. сияқты дәстүрімізде бар сөздерді айтып отыруы қандай ғанибет! Атақты «Абай» эпопеясында халқымыздың осыған орайлас қадірлі дәстүрін танытатын мынадай бір тағылымды эпизод бар. «...Семей қаласында үш жыл оқып, жайлаудағы әке үйіне күн кешкіре жеткен, 13 жасар шәкірт бала – Абай аттан түскен бетте, амандасу үшін, шешеге қарай жүреді. Сонда ақылды да байсалды ана Ұлжан: «Әй, балам, анда әкеңдер тұр, әкеңе барып, сәлем бер!» - дейді. Бір сәтке балалық сезім жеңіп, қателік жіберіп алғанын түсінген жас Абай кілт бұрылып, ортасында әкесі Құнанбай бар шеткерірек тұрған оқшау топқа қарай адымдай жөнеледі». Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов мұны халықтың жүрекке жылы осындай тамаша дәстүрінен хабардар ету үшін ғана емес, онын тәрбиелік зор маңызын жоғары бағалағандықтан да келтіріп отырғаны анық.

Ата-ананың бір-бірінің қадір-қасиетін осылайша ардақтап, беделін өсіруі, араларында өкпе-наз, кикілжің туа қалғанда, оны балалардан оңашада, екеу ара шешіп отыруы – шынайы инабаттылық, әдептілік.

Сайып келгенде, қоғамда әдеп-инабат өлшемдерінің терең тамырланып, қең жайылуында отбасының маңызы орасан зор. Әрбір ұяның қос тіреуі – ерлі-зайыптылар өздеріне әдеп-адамгершілік талаптарын, құқықтары мен міндеттерін мүлтіксіз орындаса, бүкіл қоғамда, елде бейбіт те берекелі тұрмысқа негіз қаланбақ, демек, ұрпақтарына құтты қоныс, жайлы болашақ қамтамасыз етілмек!

Сайлаубаева Жансая Датанбекқызы



ЕР ЕҢБЕКТЕ СЫНАЛАДЫ

Ақтөбе қаласы, Ә.Ермеков атындағы №23 орта мектеп лицейі КММ әлеуметтік педагог

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.9.1 шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар, мультфильмнен нақты ақпаратты табу және ақпаратты сызба түрінде беру
Сабақтың мақсаты	**Барлық оқушылар:** Шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар, мультфильмнен нақты ақпаратты табады және ақпаратты сызба түрінде береді.

Сабақтың барысы


Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру, өзін – өзі тексеру 5 мин	**Психологиялық ахуал:** Әр сабақта жаңа білім игереміз, Зерттеуші болып сабақта үлгереміз. Қызық дерек жинақтап әр күн сайын, Білім қуған жас өркен біз боламыз. Достар, бүгінгі күнге сәттілік! **Өткен тақырыпқа шолу:** https://wordwall.net/ru/resource/39530266 **Тақырыпты ашу.** Сабағыңа жөндеп, Әзірленсең – еңбек Қиындықтың бәрін, Еңбек қана жеңбек. -Тақпақ не жайлы? -Еңбек не үшін керек? Онда тақтадағы суретке қараңдар. Бүгінгі сабағымыз қандай еңбек туралы болатынын болжап көріңдер.	Психологиялық тренингкке қатысады. -Еңбек жайлы. - Білім алуға, маман иесі болуға. Еңбек етсең, қарның тоқ болады, киімің болады. -Құрылыс туралы. -Камаз,кран,экскаватор т.б.	Бағалау «Спидометр» Оқушылар алған балдарын спидометрдің шкаласына белгілеп отырады. 	АКТтақта, Презентация, интернет ресурстар, Үлестірмелі парақтар.

	 -Құрылыс алаңында қандай көліктер қызмет етеді екен? **Сабағымыздың тақырыбы: Ер еңбекте сыналады** **Мақсаты:** Сөйлесу мәтінін құратын боламыз. -Балалар, көліктің жылдамдығы немен өлшенеді? -Онда бүгін сендер де бүгінгі алған білімдеріңді спидометрмен өлшейтін боласыңдар. Машинада 1,2,3 деген аз мөлшердегі сан болмайтындықтан, 1 балды 10 балмен теңестіріп отырамыз. **Бағалау. «Спидометр»**	-Спидометрмен		
Жаңа білім 35 мин	**Ұжыммен жұмыс. 1-тапсырма** **«Ер еңбекте сыналады»** Мәтінді түсініп оқы. **«Ілесіп көр» әдісі** Дескриптор: Мәтінді түсініп оқиды. **Жұптық жұмыс. Мәтін кейіпкеріне мінездеме бер.**  	- Мәтінді оқиды. - Тапсырмаларды орындайды. Мәтін мазмұны бойынша кранға мінездеме береді. Жүк машинасына мінездеме береді. Сөздерді жүйелі қолданады.	**ҚБ:1 балл** **ҚБ:3 балл**	Оқулық,
	Дескриптор: Мәтіннен нақты ақпарат таба алады. Көлік түрлеріне мінездеме береді. **Сергіту сәті.** **«Көңілді көліктер»** мультфилімін тамашалайық. -Балалар, көрген мультфилімді басшылыққа алып, мәтіндегі	Мультфилім тамашалайды. Оқыған мәтін бойынша көлік түрлерін сомдайды.	**ҚБ:4 балл**	Оқулық, дәптер

	көлік түрлерімен мультфилім құрастырып көрейік. **Топтық жұмыс. «Режиссерлар ойыны»** Мәтінде берілген суреттерден мультфилім жаса. Тағы қандай кадр қосар едіңдер. «Жәшіктегі сюрприз» ойны арқылы тапсырманы бөліп алады. (Жәшіктің үш бүйірін қол сиятындай тесіп қоясыз. Ішіне пластиллин қорабымен. Тапсырмасын ішіне салып қоясыз. Түрлі түсті қарындаш-тар. Тапсырмасы ішінде. Тапсырма жазылған бір парақ қағаз. Әр қатардан бір бала шығып жәшіктің бүйіріне қолдарын салып үшеуі тапсырмасын алады) **1-топқа**. Пластиллинмен мәтіндегі машиналарды жасаңдар. Кейіпкерлермен диалог құрастырып, мультфилім құрастырыңдар. **2-топқа**. Мәтіндегі кейіпкер-лердің суретін салыңдар. Көліктермен өзара диалог құрастырып, мультфилім құрастырыңдар. **3-топ** Әр қайсың көліктердің образын жасаңдар. Өзара диалогкке түсіп, көрініс ұйымдастырыңдар. Дескриптор: Шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі де-реккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар, мультфильм-нен нақты ақпаратты табады және мультфилім жасайды. **Дәптермен жұмыс.** «Ер еңбекте сыналады» деген сөз қай көлік түріне арнап айтылған деп ойлайсың? Дәптеріңе ойынды жаз. **Кері байланыс: «Такси» ойыны**	Көліктермен диалог құрастырады. Құрған сөйлемдерін жүйелі түрде қолданады. Өз рөлдерін сомдайды. Мақалдың қай көлік түріне арналып айтылғанын болжайды. Ойын дәптерге жазады. Сабаққа кері байланыс береді.	**ҚБ:2 балл**	
Кері байланыс	**Рефлексия: «Спидометр»**	Спидометрдегі балдарын санап,	ҚБ қойылады.	

5 мин	**Оқу тапсырмасы:** Мәтінді мазмұндау.	рефлексия жасайды.		

Жұптық жұмыс тапсырмалары.



Бағалау



Топтық жұмыс тапсырмалары.

1-топқа. Пластиллинмен мәтіндегі машиналарды жасаңдар. Кейіпкерлермен диалог құрастырып, мультфилім құрастырыңдар.

2-топқа.Мәтіндегі кейіпкерлердің суретін салыңдар. Көліктермен өзара диалог құрастырып,мультфилім құрастырыңдар.

3-топ Әр қайсың көліктердің образын жасаңдар. Өзара диалогкке түсіп, көрініс ұйымдастырыңдар

Сандибаева Жаннат Калидоллаевна
педагог-зерттеуші


ДОМБЫРА – АСЫЛ МҰРА


Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласының №4 жалпы орта білім беретін мектебі бастауыш сынып мұғалімі

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.1.1.1 – музыкалық көркемдеуіш құралдардың көмегімен әуеннің жанрын, көркемдік образдарын анықтау және салыстыру; 4.1.1.2 – музыкалық шығарманың дыбысталуын түрлі орындауда тыңдатып анықтау және салыстыру; 4.1.3.3 – ауызша және жазбаша жұмыстарда негізгі музыкалық ұғымдарды қолдану; 4.2.1.1 – музыкалық-шығармашылық жұмыстарды жасау үшін өз идеясын ұсыну және түрлі материалдар мен ресурстар таңдау.
Сабақтың мақсаты:	– мәдениет, музыкалық мұра туралы түсінеді; – ән, күй жанрындағы шығармалардың көркемдеуіш құралдарын анықтайды; – домбыра үнін ажырата алады; - «Ақсақ құлан» күйінің аңызымен танысады; - Жаңа ән үйренеді.
Құндылықты дарыту	Халық музыкасын тыңдау арқылы мәдени тұлғаларды тәрбиелеу.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңдері:	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы 5 мин	**Ұйымдастыру** **Оқушы назарын сабаққа аудару** -Бүгінгі сабағымызға сәттілік тілей отырып, алақанымдағы жылуды сіздерге таратамын. Сіздер қонақтарға жалғастырыңыздар! Ендеше, мына суреттерден суырып топқа бөліне қойыңдар! -Бұл суреттер нені білдіреді, ортақ сөзбен қалай атаймыз? (ұлттық музыкалық аспаптар) Қанекей, «Додекадр» әдісі бойынша аспаптар туралы мағлұматты оқиық. Интербелсенді тақтадан бейнебаян көрсетіледі. Бүгінгі сабақта қолданылатын бағалау «домбыра» әдісі таныстырады. **Алдыңғы білімді еске түсіру.**	Алақан жылуын бір біріне таратады. Мұғалім оқушыларға сәттілік тілейді. Оқушылар музыкалық аспаптар салынған қағаздарды алып, сол бойынша топқа бөлініп отырады. Білетін аспаптар туралы айтады.	«Ауызша мадақтау» әдісі: Жарайсың! Тамаша! Жақсы! Іске сәт! Жақсы! Жарайсыңдар! Жауаптарын толықтыру.	 Слайд 1  Слайд 3 

	«Ой толғау» әдісін қолдана отырып, «**Әнші Бұлбұл құстың тапсырмасын**» әр топ басшылары бір сұрақтан суырып орындайсыңдар! -Құндылыққа нелер жатады? -Құндылыққа қандай анықтама бердің? Құндылықтарды қалай бағалаймыз? Оқулықтағы көрсетілген түрлі өнер мұралары мен бейнебаян негізінде оқушылармен мәдени мұра туралы ой толғайды. «Адамзаттың ақыл-ойымен және қолымен жасалған құндылықтардың барлығы мәдениет деп аталады. Суретке қарап, мәдени мұраға не жататынын айтқызу. Музыка өнеріне жататын өзіңе таныс қандай мәдени мұраларды атар едің?»	Әр топ оқиды. Көргендерін баяндайды.	Әр сұраққа жауап берген оқушы бір балдан домбыра шегіне жоғары жылжытып отырады. **Дескриптор:** -Сұрақтарға жауап береді -1 балл; Жарайсыңдар!	   Слайд 4 
Ортасы 8 мин 3 мин 3 мин	**Жаңа сабақ** **Бейне сабақ көрсету** -Балалар, сендер жаңа не тыңдадыңдар? **-Күй дегеніміз** — музыкалық жанр, қазақ халқының аспаптық пьесасы. Домбыра, қобыз, сыбызғыда шығарылып, тартылып келген. Музыка өнерінің дамуына байланысты, күйлер халық аспаптары оркестрлерінің репертуарларында көп орындалады. Күй-қазақ, қырғыз, өзбек халықтарының аспаптық музыкасына тән атау. Күй XIV ғасырда жеке музыкалық жанр болып қалыптасты. Онда халықтың басынан өткен тауқымет мен әділетсіздікке қарсы күресі, азат өмірді аңсаған асыл арманы мен қуаныш сезімі терең толғаныспен баяндалады. Халық күйшілері өздерінің шығармаларында адамдарды, жануарларды, құстарды, табиғат құбылыстарын суреттейді. Бұдан басқа күйлер мазмұнына, характеріне қарай тарихи күйлер, лирикалық күйлер, аңыз күйлер, қаралы күйлер, арнау күйлер сияқты тақырыптарға бөлінеді. **(Оқулықтағыға қосымша)** -Ал, осы күй қандай аспапта орындалды?	Бейнесабақты тыңдайды. Тыңдағандары бойынша қандай әсер алғандарын және ансамбль мен жеке орындаушының күй өнеріндегі тартыстарын әңгімелеу. домбырада Экраннан аспаптардың дыбыс үндерін тыңдау арқылы есте сақтауы бойынша атайды. Домбыра үйірмесіне баратын оқушылар өз білетіндерін	**Дескриптор:** -Күйдің құдыретін ұғынады;-1балл -күй өнерінің жеке, топпен орындаудағы ерекшелікті әңгімелейді-1 балл оқушы бір балдан дом-быра шегіне жоғары жылжытып отырады. Жарайсыңдар **Дескриптор:** -Ұлттық аспаптардың дыбыстарын ажыратады;-1балл **Дескриптор:** -домбыра құрылысымен танысады;-1балл -«Ақсақ құ-лан» күйінің	экран Жәнібек_ Жантұрсынұлы күй ойнайды. Тұран - этнофольклорлық ансамбль суреттер  Слайд 5-6 Экран  Слайд 7 https://youtu.be/GdCtC

3 мин 5 мин 5 мин 4 мин	Сабақтың мақсатын хабарлау. **«Музыка үні» әдісі арқылы Берілген музыкалық дыбыстарды ажыратып, атау.** **Домбыраның құрылысымен таныстыру.** **-Назарымызды тағы бір бейнебаянға аударайық.**  **Сергіту сәті «Ақбұлақ»** **«Әнші боламын» айдары** 3-тапсырма. Дауыс жаттығуы Ән үйрену. **«Домбыра болып сөйледім»** **Топтық жұмыс** **«Шешендік өнер»** *сайысы* Бейнебаяндағы музыкалық аспаптар шеберінің домбыра жасаудағы өнері туралы тапсырмаларды орындайды. «Барабан» әдісімен үш топ сұраққа жауап береді.	ортаға салады. Өз ойларын ортаға салу.Әр топ бірлесе талқылайды. Би қимылдарын жасайды. Оқылым. Тыңдалым. Орындау «Постер қорғау» әдісі Әр топ сұраққа жауап береді.	аңызымен танысады;-1 балл -күйдің орындалу ерекшелігін сипаттайды-1балл -Өлеңді мәнерлеп оқиды;-1 балл -Әуенімен қосып үйренеді-1 балл Үш топтың жұмыстары-на сай дес-крипторлары тақтада жа-зылған. Әр топ **1 балдан** алады. Жинаған ұпай санда-рын санайды.	4W9JBI?si=jZ5ESTRA8nlrmZ84 Оқулық Слайд 8 https://youtu.be/LeOmtCuOKxU?si=AKc_jnlVXu8lPAHi Оқулық https://youtu.be/6SMvAireyHY 
4 мин Соңы мин	**Сабақты бекіту.** **Үйге тапсырма:** 36-бет «Домбыра болып сөйлеймін» өлеңін жаттау **Бағалау** **Рефлексия**  	«**Тик-ток**» әдісі арқылы бүгінгі сабақтан түсінген, түсінбегендер ін айтады. Оқушылар бүгінгі сабақтан алған әсерлерін көрсетеді	Оқушылар дың жинаған балдары есептеліп бағаланады .	

Сармантаева Айнур Бердибековна


Ақтөбе қаласы, №69 жалпы білім беретін орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

№23 САБАҚ. КӨНЕ ЖАЗУЛАР

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	1.3.3.1 Қазақстан аумағындағы көне жазу туралы білу;
Сабақтың мақсаты	Қазақстан аумағындағы көне жазулар туралы білетін болады Көне жазуларды жазып үйренеді

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақ тың басы 5 минут	**Психологиялық ахуал қалыптастыру** Күнге қарап қолымды Бір,екі, үш деп соғайық Қарап тұрған көршіме Мен қолымды былғайын Өткенді пысықтау	Жазуларды салыстырады	Көңіл күйлерін көтеріп отыру	
Өткенді пысықтау 5 минут	**(Т)« Пирамида» әдісі** -Мемлекеттік тіл -ҚР Рәміздері -Тудан қай құс бейнеленген? -Әлемде қанша мемлекет бар? -Қанша ұлт өкілдері тұрады?	Әр елдің елтаңбаларын салыстырады	Тамаша ! Дескриптор: Әр елдің елтаңбаларын салыстырады Өткен тақырыпты меңгерген	
Сабақ тың ортасы 15 минут	Тақырыпты ашу **(Ұ)**Суреттердің алғашқы әріптерін атау арқылы тақырыпты ашу КӨНЕ ЖАЗУ Жаңа тақырып Ежелгі адамда хабарласу құралдар болмаған, олар әріптерді де білмеді. Сол кезде адамдар сурет пен жазуды ойлап тапты. Сурет түсінікті болу үшін оларды қарапайым түрде, оңай	 Өз ойын айтады Ермексазды	Дескриптор: Сұраққа жауап береді	

10 минут	тануға болатын белгілермен бейнеледі. Ондай суретпен жазылған жазуды пиктография деп атайды. Бейне таспадан « Көне жазулар» туралы көрсету. **(Ө/Ж)**Көне жазудағы әріптерді жазып көр. Не жазғаныңды айтып бер  **(Ұ) «Wordwall» платформасымен Саяхат ойыны** -Ежелгі адамдар бұл сурет арқылы қандай ойды жеткізгісі келген? - Көнжазуды көрсет - « Руна »сөзі қандай мағынаны білдіреді? - Ертеде адамдар хабарламаны қайда жазған ? - Жер бетінде алғашқы жазу қашан пайда болды? **(Ж)** Әр топқа сөздер беру Тексеру руна жазуымен жазып көрсету 1 топ жазба 2 топ таңба 3 топ сурет 4 топ батыр **(Т) Берілген сөйлемдердің пиктографиясын салу** **(Т)« Кубик рубик » ойыны** -Көне жазу қалай аталады? -Түркі қолбасшысы?	пайдаланып көне жазуларды жазып көру Жаңа ұғыммен танысады Ұжымдық жұмыс жасайды Көне жазуды жазып көреді Жаттығу жасайды Пиктограмма ларды оқуға жаттығады Топтық жұмыс жасайды	Дескриптор: Пиктограммен жұмыс жасай алады Шығармашылық жұмысын жүргізеді Дескриптор: Көне жазуды игеруге талпынады Өз жазғанын оқып береді Дескриптор: Қазіргі замандағы пиктограммаларме н жұмыс жасайды 1-топ: Жол ережесіне қара және оларды түсіндіреді. 2-топ: Ауа райының өзгеруі туралы пиктограмманы оқиды. 3-топ:	 , ,,  Оқулық   Пиктограм малар суреттері  Оқушы жұмысы Қимылдар

Сабақты қорыту 5 минут	-Жаяу жүргінші белгісі -Суретті жазу Топтық жұмыс «Пиктограмманы оқы» ойыны Қазіргі замандағы пиктограммалармен жұмыс жаса 1-топ: Жол ережесіне қара және оларды түсіндір. 2-топ: Ауа райының өзгеруі туралы пиктограмманы оқы. 3-топ: Қыс мезгілі туралы пиктограмманы пайдаланып әңгімеле **Кері байланыс** «Руно әрпі» әдісі арқылы кері байланыс жүргізіледі. 	Кері байланыс	Қыс мезгілі туралы пиктограмманы пайдаланып әңгімелейді	



Қазіргі таңда тәуелсіздік алған мемлекетімізде зорлық-зомбылыққа жол жоқ. Оның етек алуы отбасынан басталады. Отбасындағы салауаттылық-өркениетті қоғамның талабы,өйткені ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлер мен мұраттар көбінесе отбасында дамып, қалыптасады.

Балалар-еліміздің болашағы.Барша адамның жауына айналған алкоголь ішімдіктері көптеген адамдарға зардабын шектіруде. Ішімдікке масайған ата-ана, балаларын қараусыз қалдырып, оларға қол жұмсап, тағдырдың тәлкегіне салуда. Ал,өмір есігін аша сала далада қалатынына не дерсіз? Әрине, өз құрсағынан шыққан баланы далада қалдырып, өз болашағына, баланың болашағына балта шабады. Ананың бесік жырынан басталатын қарым-қатынасы, іс-әрекеті, әдет-ғұрып, салт-

дәстүр осылардың бәрі адамның дүниетанымын, сана-сезімін, мінезін қалыптастыратын тәлімдік мұра.

Жан азабын шектірген зорлық-жәбірленушінің қарсылық көрсетуіне,өз құқықтары мен мүдделерінқорғауына деген ерік жігерін жасыту үшін қорқыту, адамның психикасына әсер ету. «Ана-сая болар бағың болса, Әке-асқар тауың» дейді қазақта. Бір күн бар жылатар күн, жұбатар күн. Бір күн бар қуантар күн мұңайтар күн. «Жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз, Жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз» дейді халқымыз. Отбасындағы ата-ананың мінез құлқы-баланың көз алдындағы үлгі — өнеге алатын, оған қарап өсетін нысаны. Нашақорлық, темекіге, ішімдікке үйірлік бұзықтық жолға түсіп зорлық-зомбылық жасауға мүмкіндік туғызады, еңбек етуге, қоғамға, денсаулыққа, ұрпаққа, отбасына зиянын тигізеді. Зорлық-зомбылық тәрбиесіздіктен де туындайды. «Тәрбиесіздік — ол адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім келешекте адам өміріне апат әкеледі» деген болатын ұлы бабамыз Әбу насыр әл Фараби. Балалар құқығын қорғау — егемен еліміздің асыл құндылықтарының бірі. Сол үшін өскелең ұрпақтың дұрыс тәрбие алып, қоғамдағы құқықтарының сақталу жолында аянбай еңбек етуі керек. Балаларға қамқорлық жасау, баланың абыройы мен құқықтарын құрметтеу — бұл тек мемлекеттің ғана емес,сонымен қатар жекелеген әрбір адамның міндеті.

Бала үшін ата — анасының үйі әрқашан ең қауіпсіз жер бола бермейтінін айғақтайтын фактілер жиі кездеседі. Балаларға қатысты зорлық-зомбылық көрсету проблемасы бойынша мәліметтер мен жетік статистикалық деректердің жетіспеу проблемасы бар елдердің қатарына Қазақстан да жатады. Мәселенің тереңдігі мен көлемі әлі де белгісіз, ал біздің қолымыздағы біркелкі емес және үзінді зерделеу нәтижелері іс жүзіндегі жағдай туралы болжамдар жасауға ғана мүмкіндік береді.

Балаларға, әсіресе кішкентай балаларға зорлық-зомбылықтың үй, отбасы ішінде көрсетілуі көзге түсе қоймағандықтан, көп жағдайда мойындалмайды. Балаларға қауіп-қатер сыртта жүргенде бөгде адамдар тарапынан төнеді деген жалған пікір қалыптастыру үрдісі байқалуда. Жағдайдың шатақ болуы мәселенің күрделілігіне байланысты, сондай-ақ балалар жайлы пікірдің индивидум және отбасының басқа мүшелері сияқты қорғалу құқығы бар құқық субъектісі болудан гөрі, ата-анасының меншігі ретінде қалыптасудың салдары. Балаларға қатыгездік көрсету және адамзаттық абыройына нұқсан келтіру, оларды ата-аналарының және өзге қамқоршыларының жазалауын қоғамдық пікірдің қолдауы.

Зорлықтың түрлері:

- Эмоциялық зорлық – балағаттау, қорлау, сөгу, балалардың жеке өміріне қол сұғу;
- Физикалық зорлық – отбасы мүшелерін мас күйінде немесе сау күйінде ұруды қолданатын эмоциялық зорлық;
- Қауіп-қатер – отбасын тастап кетемін деп қорқыту, әйелін немесе балаларын ұру, өз-өзіне қол жұмсауға итермелеу;
- Балаларды анасына қарсы қолдану — әйелін өз балаларын ешқашан көрсетпейтіндігімен қорқыту, қорқытатын жолдауларды беру үшін балаларды қолдану.
- Тұрмыстық зомбылық қылмыстық іс болып табылады.
- Бұл қасақана адам денесіне жүйелі зомбылық әрекет немесе ұрып-соғу жолымен денесіне зақым келтіру немесе психологиялық зақым келтіру негізінде қасақана әрекет ету.
- Зомбылықшының әрекеті әкімшілік құқық бұзушылық ретінде квилификацияланады: денеге әсер ету, кемсіту, сөзбен тиісу, үй тыныштығын бұзу, азаматтарды сыйламау, жеке өміріне қол сұғу.
- Зорлықшы әрекетінен әкімшілік құқық бұзушылық белгілері де, болмаса қылмыстық істер де байқалмайды. Бірақ ол өзінің мінез құлқы мен жәбірленушінің өміріне қолайсыз жағдайлар жасайды.

• Зорлық-зомбылықтың баланың мінез-құлқына әсер ету ерекшеліктері бар. Ата-анасы және басқа да заңды өкілдері ата-аналық құқықтарын жүзеге асырған кезде баланың дене және психикалық денсаулығына, оның имандылық дамуына зиян келтіруге құқылы емес. Баланы тәрбиелеу тәсілдерінде баланың адамдық қадір-қасиетіне менсінбей қарау, дөрекі қарау, оны қорлау немесе қанау болмауға тиіс.

• Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрлері:

1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық — күш көрсету, психологиялық, сексуалдық және (немесе) экономикалық зорлық-зомбылық түрінде болуы мүмкін.

2. Күш көрсету зорлық-зомбылығы – дене күшін қолданып, денені ауыртып, денсаулыққа қасақана зиян келтіру.

3. Психологиялық зорлық-зомбылық – адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау немесе құ¬қық бұзушылықтарды немесе өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру) арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту.

4. Сексуалдық зорлық-зомбылық – адамның жыныстық тиіспеушілігіне немесе жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер.

5. Экономикалық зорлық-зомбылық – адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру, бұл дене саулығының және (немесе) психикалық денсаулығының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін.

6. Сондықтанда балаға мынаны түсіндірген жөн:

• Үйде жалғыз болғанда, бөтен адамдарды үйге кіргізбеу керек;

• Бөтен біреудің машинасына отырмау, қыдырып жүргенде бөтен адамдардан тәтті, сыйлықтар алмау керектігін үйрету қажет;

• Көшенің қараңғы жерлерінен, көпшілік жүрмейтін саябақтар мен стадиондардан аулақ жүруге үйрету.

• Ал ата-аналарға осыған жауап:

• Балаға сеніңіз, сонда ол сізге барлық шындығын айтуды үйренеді;

• Дұрыс тәрбие балаға болашаққа деген сеніммен қарауға және қауіп-қатерді тез білуге үйретеді;

• Тәрбиеші мен репетиторды жалдағанда өте мұқият болған жөн, себебі сіз балаңызды басқа адамның тәрбиесіне бергелі отырсыз;

• Егер сіз балаға қатыгездікпен қарау жағдайларын естігін болсаңыз немесе көрген болсаңыз бірден тиісті органдарға хабарлаңыз.

Салауатты өмір сүрудің бір негізгі күрделі мәселесі — жаман қылықтардан, яғни, зорлық- зомбылықтан аулақ болу. Ішімдікке үйір адам есінен айырылып, қасындағы адамдарға зиянын тигізеді, отбасына ойран салады, отбасы мүшелеріне оғаш қылықтар көрсетіп, мазасын алады. Бұл баланың психологиясына кері әсерін тигізеді. Бала өзіне керекті рухани дүниенің барлығын қоршаған ортадан алады. Зорлық-зомбылық тәрбиесіздіктен де туындайды.

Балаларға қамқорлық жасау, баланың абыройы мен құқықтарын құрметтеу — бұл тек мемлекеттің ғана емес, сонымен қатар жекелеген әрбір адамның міндеті. Қазіргі таңда тәуелсіздік алған мемлекетімізде зорлық — зомбылыққа жол жоқ. Оның етек алуы отбасынан басталады. Отбасындағы салауаттылық – өркениетті қоғамның талабы, өйткені ұрпақтан — ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлер мен мұраттар көбінесе отбасында дамып, қалыптасады.

Адамды өзара түсіністікке жеткізетін шынайы да, тұрақты сүйіспеншілік дәстүрлері де тек салауатты отбасында ғана қалыптасады.

Балалар – қоғамымыздың ең әлсіз, қорғансыз бөлігі. Олардың құқығын жоғары деңгейде қорғауды қамтамасыз ету, оларға зорлық-зомбылықсыз жарқын балалық шақ сыйлау- баршамыздың борышымыз.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ДЕНСАУЛЫҚ – ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Сейлова Алмагуль Жубанышовна

Ақтөбе қаласы, №76 ЖОББМ дене шынықтыру пәні мұғалімі

Дені сау адам-табиғаттың ең қымбат жемісі деп тегін айтылмаса керек. Бірінші байлық — денсаулық дейтініміз анық. Бірақ осы сөздің астарын түсінбейтін секілдіміз.

Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру балалар мен жастарда өз денсаулығына жауапкершілік қатынас орнату дағдысына негізделген, дұрыс дене дамуы мен ағзаның жұмыс қабілетін арттыруға, қозғалыс білік-дағдыларын физикалық жетілдіруіне ықпал етеді, қоғамдық пайдалы еңбекке, өмірге, тиімді кәсіби қызмет үшін функционалдық, әлеуметтік бейімделу және психикалық орнықтылықты қамтамасыз ететін тұлғалық қасиеттердің қалыптасуын іске асырады, салауатты өмір салты, ағза ерекшеліктері туралы білім жүйесін қалыптастырады, дене тәрбиесі және спортқа баулу негізінде қайраттылық және салауатты өмір салтын дамытуды қалыптастырады. Бүгінгі таңда өз тәуелсіздігін алған егеменді еліміз осы бағытта Қазақстан мектептеріне жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат еткен дара тұлғаларды тәрбиелеуді басты талап етіп қойған. Қазіргі кезде салауатты өмір салтын сақтау туралы көп айтылуда. Бірінші: балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына айрықша көңіл бөлу.

Екінші: халықты қол жетерлік және саналы медициналық көмекпен қамтамасыз ету.

Үшінші: отандық медицина ғылымын дамыту.

Бұл жолдау келешек егемендіктің кілтін ұстар жастардың болашағына апаратын алтын сүрлеу десе болады. Десе де осы салауатты өмір салты дегенді әркім әрқалай түсінеді.

Салауаттану — тұтасымен алғанда жеке тұлғаның, қоғамның, табиғаттың денсаулығы туралы ғылым. Адам денсаулығы тән, дене, психологиялық, имандылық-адамгершілік және әлеуметтік денсаулықтар құраушының өзара байланысы мен өзара үйлесімді әрекеттерінен қалыптасады. Кез-келген өзара әсер әрекет етуші ретінде де, жауап беруші ретінде де анықталады.

Әлеумет себепші болған аурулар санының өсуіне, адамның әлеуметтік биологиялық мәні арасындағы қарама — қайшылықтардың шиеленісуіне байланысты — салауаттанудың пайда болуы заңдылық. Салауатгану ғылымы аурудың алғашқы алдын алу әдіснамасын, денсаулықты сақтау және нығайту амалдары мен әдістерін зерттейтін салауатты өмір салтын қалыптастырудың ғылыми негізі болып табылады.

Денсаулық қатерінің негізгі фактор-лары — қозғалыс күшінің кему саддарынан қимылдың кемуі (гиподинамия), дене массасының артуы, жүйесіз тамақтану, қоршаған орта нысандарының барлығының көптеген уытты заттармен ластануы, өндірісте және тұрмыста күйзеліс туғызатын жағдайлар, зиянды әдеттердің (шылым шегу, алкоголь пайдалану, уланқорлық, нашақорлық, т.б.) кең таралуы. Салауатты өмір салты дегеніміз — денсаулықты нығайту мен сақтау, ағзаның дұрыс дамуын қамтамасыз ететін гигиеналық ережелерді орындау. Ол үшін денсаулыққа жағымсыз әрекеттерден (нашақорлық, шылым шегу, ішімдік ішу, улы заттарға әуес болу) аулақ болу. Салауатты өмір салтын сақтау сонысымен бағалы. Көне замандардағы ғұламалардың бірі Аристотель: Жанды дене қозғалмаса өледі — деген екен. Міне, сол

тұжырымдама біз үшін салауатты өмір сүрудің негізгі ілімі болуға тиіс. Салауатты өмір салтын ұстануда спорттың рөлі зор. Денсаулыққа тек дене шынықтыру арқылы қол жеткізілуге болады. Дене қозғалысы адам ағзасын дамытып, жұмыс істеу қабілетін арттырады, ауруды алыстатып, өмірді ұзартады. Денсаулық — адамға табиғаттың берген ең ұлы құндылығы.

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі бағыттары мыналар:

— жеке және қоғамдық гигиена;

— дене шынықтыру.

— организмді жаратылыс-табиғи факторлармен — су, ауа, күн жарығымен және т.б. шыңдау;

— күн тәртібін тиімді пайдалану;

— дұрыс және уақтылы тамақтану;

— жұқпа аурулардың алдын алу;

— тән ауруларынан сақтандыру;

— жарақаттанудан, уланудан, т.б. сақтандыру;

— зиянды әдеттерден (темекі тарту, алкоголь, есірткілік улы заттарды) сақтандыру;

— жыныс гигиенасы;

— психопрофилактика және психогигиена;

— кикілжің және денсаулық;

— экология және денсаулық.

Салауаттанудың негізгі мақсаты — әрбір жеке адамның және тұтастай қоғамның денсаулығын қамтамасыз ету. Салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі мақсаты -балалар мен жастарда жас ерекшеліктеріне, құндылық бағдарларына және имандылық-еріктілігіне сәйкес салауатты өмір салтының ұғымдарын, дағдыларын және уәждерін қалыптастыру.

Бұдан мынандай міндеттер туындайды:

— салауатты өмір салтының әдістерін үйрету;

— өз денсаулығына қоғамдық игілік, қоғамның рухани құндылығы ретінде жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

— негізгі гигиеналық дағдыларға төселдіру;

— осы заманғы ауру түрлерімен және оларды алдын алу шараларымен таныстыру.

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізіне биологиялық та, әлеуметтік те ұстанымдар орныққан. Биологиялық ұстанымдарға: балалардың жас ерекшеліктерін ескеру, салауатты өмір салтының жүйелілігі, ырғақтылығы, бірізділігі және т.б. жатады.

Салауатты өмір салтының әлеуметтік ұстанымдарына: эстетикалығы, адамгершілігі, ерікті тәрбиелей білуі, өзін-өзі шектей білуі (нәпсі тыюы) және т.б. жатады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру шараларына толығырақ тоқталып өтсек:

Қимыл белсенділігі — салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады. Ол өмірлік маңызды мүшелердің және мүшелер жүйесінің қызметін жақсартады, сондықтан салауатты өмір салтын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Қозғалыс белсенділігін дұрыс ұйымдастыру организмнің өсу мен дамуына белсенді ықпал етеді, организмнің жұмысқа қабілеттігін жоғарылатады, әр түрлі ауруларға төзімділігін арттырады. Ал аз қозғалған кезде организмде өзгерістер дамиды.

Организмді шынықтыру. Шынығудың арқасында организм қоршаған ортадағы температураның күрт өзгеруіне бейімделеді және организмнің жұқпаларға қарсылығын жоғарлатады. Шынықтыру емшараларын таңдау кезінде адамның жасы, денсаулығы, шынығуға бейімделу дәрежесі және т.б. жеке ерекшеліктерін ескеру қажет.

Дұрыс толыққанды тамақтану. Денсаулықты сақтауда уақытымен және дұрыс тамақтанудың маңызы зор. Жүріп бара жатып, кітап оқып отырып, теледидар алдында тамақтануға болмайды. Майлы, тұзды, тәтті тағамдарды қабылдауды шектеген жөн, тамақты аса көп жеуге, ұйықтар алдында тамақтануға болмайды. Тағам әр түрлі сапалы, экологиялық таза болуы тиіс. Төрт мезгіл тамақтануды сақтай отырып, белгілі бір сағатта ас қабылдаған дұрыс.

Жарақаттың алдын алу. Бұл сыну, шығу, күйік, үсік, улану секілді жараққаттардың алдын алу. Жарақаттарға душар болмау үшін: көшедегі немесе мекеме ішіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау, электр құралдарын ережелері бойынша пайдалану, улы өсімдіктер мен саңырауқұлақтарды сақтықпен пайдалану және т.б жағдайларда сақ болу керек.

Жұқпалы аурулардың алдын алу. Жеке гигиена ережелерін бұлжытпай орындау, жұқпалардан қорғану тәсілдерін білу, алдын алу екпелерін уақытымен қабылдау т.б

Күйзеліс (стресс) пен кикілжіңді болдырмау. Бұл адамның өз күйін анықтай білу, көңіл-күйдің денсаулыққа әсерін білу, адамдар арасында тіл табыса білу, қарым-қатынас жасай білу, көңіл-күйін басқара білу — бұның бәрі психикалық денсаулықты қорғауға мүмкіндік жасайды.

Зиянды әдеттерден алшақ болу. Темекі шегуден , ішімдіктен, есірткі және уытты заттардан бас тарту. Бұл зиянды әдеттер организмге әсер етіп, денсаулыққа зиян келтіреді.

Осы заманғы ғылым мен әдістемеде салауатты өмір салты — бұл адамның еңбек әрекетімен, тұрмысымен, материалдық және рухани мұқтаждықтарды қанағаттандыру түрімен, жеке тұлға және қоғамдық мінез-құлық ережелерімен сипатталатын тіршілік әрекетінің белгілі типі туралы түсініктерді кіріктіретін биоәлеуметтік санат. Жеке тұлғаның өмір салты алуан түрлі, бірақ негізінен үш нышанға негізделеді:

— өмір сүру деңгейі;

— өмір сүру сапасы;

— өмір сүрудің өзіндік жолы.

Өмір сүру деңгейі — бұл адамның материалдық, рухани және мәдени мұқтаждықтарын қанағаттандыру деңгейін көрсететін әлеуметтік-экономикалық санат.



Өмір сүру сапасы — адам қажеттіліктерін қанағаттандыратын жайлылық дәрежесі. Бұл көбінесе әлеуметтік санатқа жатады.




Learning objective (s) that this lesson is contributing to	5.2.8.1 - understand supported narratives, including some extended talk, on an increasing range of general and curricular topics 5.2.4.1 - understand the main points of supported extended talk on a range of general and curricular topics; 5.3.7.1- use appropriate subject-specific vocabulary and syntax to talk about a limited range of general topics;
Lesson objectives	**Most learners will be able to:** • learn object pronouns. • learn (*don't*) *like, don't mind, love, hate + -ing* • talk about what I like and dislike.

Plan

Stages of the lesson	**Teacher's activities**	**Student's activities**	**Evaluation**	**Resources**
Greeting 5 minute	Greet students; students respond to greeting and take their places. *Hello, boys and girls! How are you?*	Children greet and sit down.		

Middle 25 minute	The main part of the lesson Dividing into small groups with the help of Flippity The teacher writes the names of all students and the program automatically randomly distributes them into several groups.  **<u>Checking homework from previous lesson</u>**  			Flippity program PPT Postcards Eyes Open 1
	2 Next, teacher shows a video about grammar rule, than she explains this rule.   			Video

	3. After explaining the theme students doing exercises. The first task is pair work.  -Next, individual task. Students should choose the pronouns.  		Pair evaluation Individual evaluation	Postcards
End 5 minute Homework 5 minute	Teachers gives empty papers to fill in with what did they like or not. At the end of the lesson, students reflect. Homework for the next lesson: Ex 3 p 58 Thank you for being active today.			

Турлыбекова Зару Калдыгуловна


Ақтөбе қаласы, №69 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің бастауыш пәні мұғалімі

№ 14-САБАҚ. ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	1.1.3.2 өзі тұратын елді мекеннің басты көшесін, ғимараттарын және көрнекі жерлерін сипаттау
Сабақтың мақсаты	Жыл мезгілдерінің не екенін біледі, олардың ауысуына байланысты болатын өзгерістерді анықтауды үйренеді
Құндылықтар	ТАЛАП: Қоршаған орта тазалығын сақтайды

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 2 минут	**Психологиялық ахуал** *Табиғат қандай әсем, керемет неткен!* *Сұлулығын көрген жан елең еткен.* *Көкжиектен Күн шығады бір сәтте,* *Сәулесі жарқырап күнде жеткен.* Біз бүгін табиғатта болатын өзгерістер туралы,олардың өмірімізге әсері туралы айтатын боламыз	Өленді қосылып айтады	Дескриптор: Туған өлке не екенін сипаттап айтады .	Оқулық
Өткенді пысықтау 5 минут	**Өткенді пысықтау** **«Қолшатырдағы тамшылар» әдісі** 1. Еліміздің астанасы? Картадан көрсет 2. Туған жер дегеніміз не? 3. Сен қай қалада немесе ауылда тұрасың? Картадан көрсет 4. Туған өлкемізде қандай ұлт өкілдері тұрады? 5. Сен өзіңнің мекенжайыңды білесің бе?	Сұрақтарға жауап береді	Дескриптор: Жылдың төрт мезгілі туралы біледі Бейнебаян бойынша сұрақтарға жауап береді	Карта Суреттер
Сабақтың ортасы 20 минут	**Тақырыпты ашу** Балалар, жаңа тақырыпты бастамас бұрын, тыныс алу жаттығуын жасаймыз. Топқа бөлу **Бейнебаян көрсету** **Жаңа тақырып** **Мұғалім оқулықпен жұмыс ұйымдастырады:**	Тыныс алу жаттығуларын жасайды Бейнебаян қарайды Жылдың төрт мезгілі туралы айтады	Жарайсың! Дескриптор Жыл маусымы бейнеленген суретті оның атауымен сәйкестендіреді. (Word wall)	Оқулық

